



«НЕМІС САПАСЫНДА ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН»:

қазақ-неміс қарым-қатынасының болашағы қандай?

3

РУХАНИЯТ



КҮЙШІНІҢ САЗЫ ҚАЛҒАН АСПАП

Домбыралар үйінің төрінен орын алды

8

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ



АЛМАТЫДА ЭКО-ХАБ АШЫЛДЫ

Экологиялық мәдениетті тәрбиелеуге жасалған тағы бір қадам

16

БАСПАНА

КӨПТЕН КҮТКЕН ҚУАНЫШ

400-ге жуық алматылық жаңа пәтер кілтін алды

Алматыда үй кезегінде тұрған халықтың әлеуметтік осал тобына жататын екінші лектің 164 тұрғынына және үшінші лектің 105 тұрғынына жалдамалы пәтердің кілтін табысталды.

Бірі күн бұрын ХЭОТ санатындағы кезекте тұрған бірінші лектегі 124 адамға пәтер кілтін табысталған болатын. Ондағы 124 пәтердің 49-і бір бөлмелі, 75-і екі бөлмелі.

Баспаналы болған жандарды Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы басшысының орынбасары Ғалымжан Әбдішүкірұлы құттықтап, жалдамалы пәтерлер қаланың коммуналдық тұрғын үй қорынан бөлінгенін хабарлады.

– Үй кезегінде тұрған екінші лектегі 164 адам және үшінші лектегі 105 адам халықтың әлеуметтік осал тобына жатады. Бұл – жетім балалар, I және II топтағы мүгедектер, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар, зейнеткерлер, толық емес отбасылар. Олар ай сайын пәтердің жалдау ақысын төлейді. Бір бөлмелі пәтерді жалға алу құны шамамен, 10 мың теңге, екі бөлмелі пәтерге шамамен, 15 мың теңге керек. Коммуналдық қызметке ай сайын ақы төлеу қажет. Бағдарламаның шарты бойынша азаматтарға пәтерді жалға беруге немесе қайта жоспарлауға тыйым салынады, – деді ол.

Пәтер кілтін алған екі баланың анасы алматылық Дариға Мақажанова өмір бойы 10 шаршы метр жатақханада әпкесімен бірге тұрған екен.

– Менің екі балам бар. Қызым Аружан мүгедек. 2012 жылы мен ХҚКО-ға барып, ке-



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

зекке тұрдым. Қазір әпкеммен және балаларыммен бір бөлмеде тұрамын. Өте тар, кейде арамды түсініспестік те туады. Пәтер кілтін берілгенін естігенде, жыладым, сенбедім. Бізге екі бөлмелі пәтер берілді, – деді ол.

Үшінші лектегі адамдарға Наурызбай ауданының «Шұғыла» шағынауданындағы «Алем City-2» тұрғын үй кешенінде орналасқан 105 пәтердің кілтін табысталды. Оның ішінде 1 бөлме – 43 пәтер, 2 бөлме – 62 пәтер.

– Екі баламмен бірге талай жыл кезекке тұрдым. Біз қазір қала сыртында 120 мың теңгеге пәтер жалдап тұрамыз. Бізге қоңырау шалып, пәтер туралы айтқан кезде сенбедім.

Басында алаяқтар деп ойладық. Көптен күткен пәтеріміз үшін Алматы қаласының әлеуметтік осал топтарына рақмет айтамыз! Өлі күнге дейін қуаныштан жылап жүрмін, – деді Әлия Бежанова.

Айта кеткен жөн, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша 2024 жылы халықтың әлеуметтік осал топтары тізімі бойынша кезекте тұрған азаматтарға қаланың коммуналдық тұрғын үй қорынан 2000 жалға берілетін пәтер, оның ішінде 400 пәтер жетім балаларға берілетін болады.

Әзірлегендер Күралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ, Ернұр РЫСБАЙ.



Алматыда балалардың қауіпсіздігіне орай бірнеше іс-шара қолға алынып, жүзеге асып жатыр. Мәселен, «Қауіпсіз мектеп», «Қауіпсіз аула», «Қауіпсіз су», «Қауіпсіз аймақ» сынды шаралардың барлығы балалардың қауіпсіздігіне негізделген. Әсіресе, жаз маусымында түрлі келеңсіз жағдайлар орын алып жатады. Осындай жағдайлар болмас үшін қалалық әкімшілік нақты жұмыс жоспарын жасап, тиісті тапсырмалар берген еді.

16

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

31.05.2024

Түнде:



+11+13 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+25+27 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 0-5 м/с

1.06.2024

Түнде:



+10+12 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+19+21 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

www.almaty-akshamy.kz



МӘСЛИХАТ

ҚАЛАДА БІРНЕШЕ
КӨШЕНІҢ АТАУЫ ӨЗГЕРДІ

«Достық үйінде»
Алматы қаласы
Мәслихатының кезектен
тыс XVIII сессиясы өтті.

Досбол
АТАЖАН



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Мәслихат сессиясында мегаполистегі бірнеше көшенің атын өзгерту және атау беру мәселесі қозғалды. Депутаттар алдында Алматы қаласы әкімінің орынбасары Бейбіт Шаханов баяндама жасады.

– Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс XVIII сессиясының қарауына Алматы қаласының көшелерін қайта атау және атау беру туралы мәселе енгізіледі. Бостандық ауданындағы Юрий Гагарин даңғылының Тимирязев көшесінен әл-Фараби даңғылына дейінгі бөлігін Ермек Серкебаев даңғылы деп қайта атау ұсынылады. Әуезов ауданындағы Юбилейная көшесін Владимир Толоконников есімімен қайта атауға дейміз. Сонымен қатар, Түркістан ауданы «Жас қанат» шағынауданындағы атауы жоқ көшеге Ескендір Хасанғалиевтің, ал Бостандық ауданындағы тағы бір атауы жоқ көшеге Юрий Померанцевтің есімін берсек деген ұсыныс бар, – деді қала басшысының орынбасары.

Сондай-ақ, Бейбіт Шаханов өз сөзінде халықтың ой-пікіріне жасалған талдау нәтижесімен де бөлісті.

– Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 14 мамырдағы бірлескен шешімімен және Алматы қаласы әкімдігінің қаулысымен «Алматы қаласының көшелеріне атау беру және қайта атау туралы» ұсыныс Республикалық ономастикалық комиссияның қа-

рауына жіберілді. 2024 жылы 29 мамырда оң қорытынды алынды. «Ашық НҚА» порталына орналастырған жобаны талдау нәтижесінде біз мынадай нәтижелерге қол жеткіздік: Е.Серкебаевтың құрметіне көше атау туралы ұсынысты 88%-ы, Толоконников, Померанцев және Хасанғалиевтің құрметіне көше атау туралы ұсынысты пайдаланушылардың 98%-ы қолдады, – деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Бейбіт Шаханов.

Алматы қаласы Мәслихатының депутаттары айтылған көшелерге жаңа атау беру жөніндегі ұсынысты қолдады. Сондай-ақ, сессия барысында халық қалаулылары «Алматы қаласы әкімдігінің персоналды құрамын келісу туралы» қалалық Мәслихаттың 2022 жылғы 9 желтоқсандағы №199 шешіміне өзгерістер енгізу туралы шешім қабылдады. Бұдан басқа, қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкес келтіру үшін Мәслихаттың 2020 жылғы 9 қазандағы «Ауыл шаруашылығы мақсатындағы пайдаланыл-

майтын жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемесін арттыру туралы» №489 шешімінің күші жойылды деп тану жөнінде шешім қабылданды. Қазақстан Салық Кодексінің 509-бабына сәйкес, жергілікті органдар пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы жерлері үшін жер салығының базалық мөлшерлемесін 10 есеге дейін көтере алды.

Алайда, 2024 жылғы 10 желтоқсаннан бастап ставканы 20 есеге арттыру жергілікті органдардың қосымша актілер қабылдауын қажет етпей, автоматты түрде жүзеге асырылады. Кодекстің жаңа редакциясында пайдаланылмайтын немесе мақсатсыз пайдаланылатын ауыл шаруашылығы жерлеріне салынатын салықтың базалық мөлшерлемесі меншік иесіне немесе жер пайдаланушыға бұзушылықтарды жою туралы нұсқама берілгеннен кейін бірден 20 есеге ұлғаяды. Шешімнің бұл жобасы Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің, Алматы қаласы кәсіпкерлер палатасының «Атамекен» ҚР ҰКП отырысында қаралды.

майтын жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемесін арттыру туралы» №489 шешімінің күші жойылды деп тану жөнінде шешім қабылданды. Қазақстан Салық Кодексінің 509-бабына сәйкес, жергілікті органдар пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы жерлері үшін жер салығының базалық мөлшерлемесін 10 есеге дейін көтере алды.

Алайда, 2024 жылғы 10 желтоқсаннан бастап ставканы 20 есеге арттыру жергілікті органдардың қосымша актілер қабылдауын қажет етпей, автоматты түрде жүзеге асырылады. Кодекстің жаңа редакциясында пайдаланылмайтын немесе мақсатсыз пайдаланылатын ауыл шаруашылығы жерлеріне салынатын салықтың базалық мөлшерлемесі меншік иесіне немесе жер пайдаланушыға бұзушылықтарды жою туралы нұсқама берілгеннен кейін бірден 20 есеге ұлғаяды. Шешімнің бұл жобасы Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің, Алматы қаласы кәсіпкерлер палатасының «Атамекен» ҚР ҰКП отырысында қаралды.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

MASS ALERT!

Алматыда бүгін ТЖ туралы құлақтандыру жүйесі сынақтан өтеді

Алматыда бүгін сағат 12.00-де Mass Alert ТЖ туралы жедел құлақтандыру жүйесі сынақтан өткізіледі. Мемлекет басшысының тапсырмасымен Алматыда Mass Alert ТЖ туралы жедел құлақтандыру жүйесін іске қосу жобасы жүзеге асырылады.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Екінші кезеңде iOS құрылғысының пайдаланушылары жүйеге қосылады.

Mass Alert жүйесінің SMS-ке қарағанда бірқатар артықшылығы бар. Хабарлама мобильді оператор желісіне қосылған, сондай-ақ жеке таңдалған географиялық аймақтағы барлық абонентке келеді. Сонымен қатар, жүйе желі-

лердің шамадан тыс жүктелу жағдайында жұмыс істейді. Cell Broadcast технологиясының басты артықшылығы – қамту аймағындағы барлық абонентті бірден ескертуінде. Сондай-ақ, Mass Alert-ті Алматы ТЖД жер сілкінісі туралы ерте құлақтандырудың автоматты жүйесіне қосу жоспарланған.



Бірінші кезеңде, 31 мамырдан бастап жүйе Android құрылғыларын пайдаланушылар үшін іске қосылады. Сағат 12.00-де Android мобильді құрылғыларды пайдаланушыларға қазақ, орыс және ағылшын тілінде «Алаңдамаңыздар. Халықты хабардар ету жүйесіне тексеру жүргізілуде. Не беспокойтесь. Проводится проверка системы оповещения населения. Remain calm. The public alert system is being tested», – деген хабарлама келіп түседі.

БРИФИНГ

Биылғы маусымнан бастап елімізде дұрыс көрсетілмеген немесе уақытылы ұсынылмаған статистикалық деректер үшін жауапкершілік күшейтіледі. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Алматы қаласы бойынша департаменті басшысының орынбасары Талғат Мұхаметқазиев мәлімдеді.

ДЕРЕКТЕР НАҚТЫ БОЛУҒА ТИІС

Әйтпесе, көлемді айыппұл салынбақ



Нұржамал
ӘЛШЕВА

– Алматы қаласында биылғы сәуірде көтерме сауда айналымының көлемі 1,2 трлн теңгеге құрады. Бұл ақпаратты бізге аталған айда көтерме саудамен айналысатын 765 кәсіпорын ұсынды. Көтерме және бөлшек сауда көлемі туралы деректерден басқа, біз өнім өндіру, негізгі капиталға инвестициялар, орындалған құрылыс жұмыстары, көрсетілген қызметтер көлемі, қызметкерлер саны, олардың жалақысы туралы және тағы басқа да деректерді жинаймыз. Жалпы, жарияланған статистикалық мәліметтер елдің экономикалық және әлеуметтік салаларында не болып жатқанын бағамдауға мүмкіндік береді. Мемлекеттік органдар сол деректердің көмегімен ел экономикасын одан әрі дамытуды көздеп отыр, – деді Талғат Мұхаметқазиев.

Респонденттер «Мемлекеттік статистика туралы» Заңның 17-бабы 2-тармағының 1-тармақшасына сәйкес статистикалық деректерді және әдіснаманы уәкілетті орган айқындаған тәртіптен шынайы бастапқы мәліметтерді ұсынуға мін-

детті. Ал көрсетілген мерзімде ұсынбағаны анықталған жағдайда, респонденттер профилактикалық бақылау жүргізбестен бірден айыппұл түріндегі әкімшілік жауапкершілікке тартылатын болады.

Бастапқы статистикалық деректердің дәйексіздігі анықталған жағдайда респонденттерге статистикалық нысандарға түзетулер енгізу қажеттігі туралы хабарлама жіберіледі. Түзетулер енгізу статистикалық нысанды қайта ұсыну немесе бір күн ішінде (бұрын екі күн болған) деректердің дұрыстығын растау үшін қосымша ақпарат беру арқылы жасалуы мүмкін. Дәлелдемелер болмаған жағдайда Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс қозғалады. Бұл өзгерістер алдымыздағы 8 маусымнан бастап күшіне енеді.

Статистикалық нысандарды толтыруға, статистикалық есептерді ұсыну мерзімдеріне және есептерді онлайн тапсыруда техникалық қолдауға және тағы басқа да мәселелерге қатысты барлық сұрақ бойынша респонденттер Ұлттық статистика бюросының Бірыңғай байланыс орталығына, 1446 нөміріне (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін) жүгіне алады.

НАУҚАН

«ХАЛЫҚ ЗАҢГЕРІ»

Алматылықтар тегін заң көмегін алды



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Жыл сайын осы уақытта «Халық заңгері» акциясын өткізу дәстүрге айналған. Бұл науқан аясында кез келген адам заң туралы тегін кеңес алып, мемлекеттік органдарға жүгіне алады. Мақсаты – халықтың құқықтық сауатын арттыру және тегін заң көмегін көрсету.



Гүлжанат
МАРАТҚЫЗЫ

Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясында заңгерлер, адвокаттар, прокурорлар, тергеушілер, мемлекеттік органдардың басшылары, сот орындаушылар, төтенше жағдайлар қызметінің өкілдері мен полиция қызметкерлері халықты

мазалаған құқықтық сауалдарға жауап берді. Тұрғындардың сұрақтары әртүрлі. Біреуі азаматтық, ал енді бірі әкімшілік істерге байланысты кеңес алуға келген. Тұрғындар көбіне қарыз және отбасылық жанжал кезінде не істеу керектігін білмейді. Осы тұста «Халық заңгерінің» көмегі қажет болады. Сонымен қатар, бұл күні Caspian University-інде «Халық заңгері» өз көмегін көрсетті.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ринат СЕРІКҰЛЫ, заңгер:

Тегін заңгерлік көмек көрсету науқанын қолдаймын. Қазір көбіне заңгерлік компаниялардағы заңгерлер тегін кеңес бермейді. Өйткені, олардың өздеріне көрсетілген арнайы нормалары бар.

Азаматтардың қарыз беру мен қарыз алу жағдайында құқықтық сауаты аз. Мәселен, бір азаматтың танысы «уақытында қайтарамын» деп қолхат жазып, қарызға ақша алады да, бірақ уақытында қайтармайды. Қарыз беруші тұлға уақыт өтіп кеткеннен кейін полицияға арыздана алмайды. Себебі, ол жерде қылмыстық немесе әкімшілік құқықбұзушылық фактілері жоқ дейді. Осы мәселемен заңгерлік көмек алғысы келетіндер көп. ҚР Азаматтық кодексінің 236-бабында көрсетілген. Сол заң аясында көп мәлімет беруге болады. Тағы бір мәселе – кейбір істер қараусыз қалып жатады. Біз барлық ақпаратты беріп, заң аясында не істеу керектігін түсіндіріп.



САРАПТАМА

«НЕМІС САПАСЫНДА ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН»:

қазақ-неміс қарым-қатынасының болашағы қандай?

Екі күн бұрын Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Германия канцлері Олаф Шольцпен телефон арқылы сөйлесті. Ел басшылары қазақ-неміс қатынасының практикалық мәселелерін талқылаған болатын. Тарата айтқанда, осыған дейін ұсынылған, келісілген бастамаларды жүзеге асыру бойынша сөйлесті. Еуропалық Одақ елдері ішінде Германия Қазақстанмен сан-салалы байланыстарды дамытуға белсенділік танытып келеді. Берлиннің Қазақстанға ғана емес, жалпы Орталық Азияға деген белсенділігі бұрынғыдан жоғары. Биыл C5+Germany саммиті біздің елде өтуі мүмкін. Осы тұста қазақ-алман қарым-қатынасының қазіргі күйі және болашағы туралы талдау жасаудың реті келгендей.



Біз өзіміздің өндірісті немістің технологиясы, өндіріс қуаты және сапасымен ұштастырып, алға жылжытқымыз келеді. Міне, осы мақсатта Президент Тоқаев Германиядағы сапары кезінде «Made in Kazakhstan with German quality» деген ұсынсын ортаға салған болатын. Яғни «Неміс сапасында Қазақстанда жасалған» деген жаңа сапа белгісін қалыптастыруды ортақ жүзеге асырсақ деген ой тастаған. Бұл ұсыныс қуатталмай қалмады. Себебі, белгілі деңгейде Қазақстанда өңделген өнімді дайындап өзіне алуға неміс тарапы да мүдделі.

Бұның екі себебі бар, біріншіден, тек қана шикізат тасымалдаудың қазіргі құны бұрынғыдан қымбаттады. Себебі, Украинадағы соғыс логистикалық тізбекке өзгерістер әкелді. Екіншіден, неміс компанияларды уақыт пен қаржыны үнемдегісі келеді. Бұл тұрғыда Астанадағы өткен отырыстың бірінде Германияның Орталық Азиядағы экономикалық өкілдігінің басшысы Овсеп Восканян да айтқан еді. Яғни неміс компаниялары қазір жалаң шикізатты ғана ала бергісі келмейді, одан көрі оларға алюминий сымы секілді дайын өнімдер де көбірек қажет. Шикізатты өңдеуге кеткен қаржы мен уақытты қарқынды басқа өнеркәсіпке бұруды қалайды. Қазақстанда дайын өнім өндіру базасын күшейтуге неміс тарапы да ынталы екенін осы отырыста Овсеп Восканян атап өткен болатын.

КЕДЕРГІЛЕР ЖӘНЕ БОЛАШАҚ


Иә, жоғарыдағы деректер мен дәйектер қазақ-алман қатынасының қарқынды дамып жатқанын көрсетеді. Сөйтсе де, бір-біріне мүдделі болған қос тарап үшін кедергілер де жоқ емес. Бұл кедергілер саяси, экономикалық және әлеуметтік болып жіктеліп кете беретін түрлі тұстардан келеді. Бір жағында Ресей, Қытай сынды геосаяси факторлар да бар. Біз өзімізбен шекараласып жатқан екі ірі державаның іс-қимылдарына үнемі алаңдаушылықпен назар аударып отыруға міндеттіміз. Бұл ұзақ болашақтық мәселе, бұл да Берлинмен ынтымақтастыққа өз әсерін бермей қалмайды. Еліміздегі неміс инвестициясы, сауда байланыстары артып жатса да әлі де Ресеймен салыстырғанда парық өте зор. Біз де Германия үшін Ресейден маңызды бола алмаймыз, екеуі де бір-біріне маңызды сауда серіктес.

Біз елде өндіріс, экономика, әлеумет салаларында ауқымды реформаларды қолға алып жатырмыз. Бұл батыстық инвесторлар үшін үміт оятады. Бірақ елдегі жемқорлық деңгейі, жергілікті жерлердегі бюрократия секілді жағымсыз факторлар да немістердің елдегі іскерлік белсенділігіне кері әсер етеді. Әлемдік нарықта еркін де сапалы қызметке үйренген еуропалық көшбасшылар үшін бизнес мен жұмыс этикасы да маңызды.

Соның бәріне қарамастан, ортақ мүдде және өзара тиімділік қазақ-алман қарым-қатынасының болашағын жарқын ете түсетіндей. Қос тарап өзара тиімді бастамаларды арт-артынан ұсынуда және оны практикаға айналдыруға ынталы күйде. Бұл арада Қазақстан Германиямен аймақ көшбасшысы ретінде де белсенді байланыс орнатып жатқанын ескеру керек. 80 миллионға жуық Орталық Азия нарығы қиыншылық кезеңдегі неміс өндірісіне де үміт шырағын жаға алады. Міне, бұл екіжақты және көпжақты бастамалардың болашағына деген сенімді арттыра түседі.



Естай БОЖАН,
сарапшы.



АЛМАНИЯ НАЗАРЫН ОРТАЛЫҚ АЗИЯҒА БҰРҒАН ЖАҒДАЙ

2023 жылы Қазақстан-Германия, ОА-Германия қарым-қатынасы жаңа деңгейге көтерілді. C5+1 форматы арқылы Берлин біздің аймаққа өз қатарластарынан бұрын қадам басты. Шын мәнінде алмандардың аймақ елдерімен қарым-қатынасын жаңа деңгейге көтеруде Қазақстанның рөлі зор болды. Себебі, Астана мен Берлин бұдан тура 12 жыл бұрын серіктестікті жаңа деңгейге көтеретін келісімдерге қол жеткізіп еді. Бұған дейін қалыптасқан қазақ-алман қарым-қатынасы Шольц үкіметінің аймаққа шығуына дәліз жасай алды. Алайда, бұрын жасалған тамаша келісімдерге қарамастан екіжақты қатынастардың дамуы қарқынды баяу жүріп келгенін де мойындау керек. Қалай десек те, жаңа жаһандық жағдайға байланысты Германия ЕО ішінен аймаққа алғаш болып ынта танытқан ел.

ОА аймағына деген Берлин ынтымақтық оянуына жаһандық жағдайдан тыс, Германияның өз ішіндегі экономикалық мәселелер де түрткі болды. Тіпті, бұны Алманияны аймаққа бастаған басты қозғаушы күш десе де болады. Тарата кетелік, Ресей-Украина қақтығысы, энергетика саласындағы сыртқы тәуелділік, соған қоса жаһандық экономикалық өсімнің баяулауы сынды түрлі себептер Германия экономикасында үлкен қиындықтар жаратты.

Міне, сол қиындықтар жағдайында Орталық Азияның серіктес ретіндегі маңыздылығы артты. Қазір алмандар ЕО-дағы экономикалық өсу көшбасшылық орнынан артқа қалып барады. Бұнымен бірге елдегі бюджет тапшылығы және федералдық шығындар бойынша ел азаматтарының наразылығын күшейді. Оның үстіне,

Шольц администрациясы елдің энергетикалық сұранысын қанағаттандыруда қиын сынға түс болды. Бұрынғы орыс газының орнын теңдей бағада өзге елдің газымен толтыру қиын шаруа.

ҚАЗАҚСТАН-ГЕРМАНИЯ ҚАТЫНАСЫНЫҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ

Кейбір неміс ақпарат құралдары биыл канцлер Шольц Қазақстанға ресми сапармен келеді деген болжам айтады. Президент Қ.Тоқаев пен канцлер Шольцтың телефондағы сөйлесуінде бұл туралы айтылған-айтылмағаны анық емес. Ал Өзбекстанда күзге қарай Орталық Азия мен Еуропалық одақтың алғашқы толыққанды саммиті өтуі де жоспарланып жатыр. Бұның бәрінен Еуропа елдерінің, соның ішінде Германияның Қазақстан мен жалпы аймаққа деген талпынысының айтарлықтай жоғары екенін түсіндіреді. Олай болса, қазіргі қазақ-алман қарым-қатынасының жай-күйі сіре қай деңгейде?

Ең алдымен, энергетика саласында мүдделер бір-біріне сәйкес келе бастады. Украинадағы соғыс алмандарды Қазақстанның мұнайына назар аударуға итермеледі. Бұл Германия Қазақстанға тек шикізат үшін қызығады дегенді білдірмейді. Себебі, статистикаға қарасақ, алмандардың еліміздегі инвестициясының 90 пайызы шикізаттан басқа салаларға салынған.

Білесіздер, таяуда қазақ-алман арасында тағы бір маңызды алмасу өтті. Мемлекет басшысы Германияның Шығыс бизнес қауымдастығының басқарма төрағасы Катрина Клаас-Мольхаузерді қабылдады. Дәл осы кездесуде Президент Қ.Тоқаев Қазақстан-Германия арасындағы сауда-экономикалық байланыстардың жедел ұлғайып

жатқанына баса назар аударған еді. Президенттің сөзінше, 2023 жылы еліміздегі тікелей салынған неміс инвестициясы 64 пайызға өсіп, 770 миллион долларды құраған. Қос тараптың ынтымақтастығы агро-өнеркәсіп кешендерінде жоғары нәтижелі бола түсуде. Айталық, CLAAS сынды неміс ауыл шаруашылығы техникасын өндіруші компанияның қатысуы жоғары деңгейде.

Негізі Қазақстан Германияның Орталық Азиядағы ең басты серіктесі. Аймақтағы саудасының 80 пайызын Қазақстанда. Сауда байланыстары жыл сайын ұлғайып жатыр, былтыр екіжақты тауар айналымы 25 пайызға артып, неміс бизнесі елге 5 миллиард еуродан астам инвестиция салды (тікелей инвестициядан бөлек). Ресми мәліметке қарағанда, елімізде неміс капиталымен жұмыс істеп отырған мыңға жуық компания бар.

Ал осы айда Қазақстанға және өзге де аймақ елдеріне Германиядан арт-артынан бизнес делегациялары келіп кетті. Ал 3-6 маусым аралығында Қазақстан мен Өзбекстанға Германияның денсаулық сақтау саласындағы үздік іскерлік топтардың сапары болғалы отыр. Осының бәрі Қазақстан-Германия қарым-қатынасының қаншалықты қарқынмен ілгерілеп бара жатқанын көрсетсе керек. Әйтсе де, бұл үрдіске кедергілер де жоқ емес, ол туралы сөз кейінірек.

«MADE IN KAZAKHSTAN WITH GERMAN QUALITY»

Қазақстан тұрғысынан алып айтсақ, біз өзіміздің ойсырап тұрған отандық өндірісімізге жан біткенін қалаймыз. Әрі Германиямен қарым-қатынастың дамуынан зор үміт күтеміз. Былайша айтқанда,

31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ:

Мемлекет қол қусырып отырған жоқ, алайда алда атқарар шаруа жеткілікті

Бүгін – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні. Мемлекет бұл бағытта қажетті шараларды жүзеге асыруда. Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық тақырыбын мемлекеттік деңгейде шешу мәселесіне келгенде еліміздің қазіргі заман тарихын бірнеше кезеңге бөлуге болады. 1986 жылдан бергі тарихымызды бұлай бөлуге ішкі және сыртқы саяси факторлар әсер етті. Соңғы кезеңге еліміздегі билік транзиті түрткі болды. Одан алдыңғы кезеңдерге де саяси конъюктура ықпал етті. Тақырыптың өзектілігін ескере отырып, осы және өзге де мәселелер төңірегінде ой өрбітсек.

Ақтау үдерісі саяси конъюктураға тәуелді болды

Қазақстанның қазіргі заман тарихын 1986 жылдан бастасақ, бүгінге дейін саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау үдерісі бірнеше кезеңді басынан өткізді. Ақтау үдерісінің қарқынына саяси конъюктура ықпал етіп отырды. Саяси конъюктураға түрлі ішкі және сыртқы факторлар әсер етті. Осындай жағдайларды ескере отырып бұл үдерісті мынадай кезеңге бөлуге болады:

1. 1988-1990 жылдары;
2. 1991-1995 жылдары;
3. 1995-2019 жылдары;
4. 2020-2023 жылдары және қазірге дейін.

1988 жылы 4 қарашада Қазақ КСР Жо-



ғарғы соты «Совет өкіметін қарулы көтеріліс арқылы құлату мақсатында ұйымдасқан «Алашорда» қайраткерлерінің контрреволюциялық, террористік астыртын құпия ұйымын әшкерелеу ісіне» қатысты ОГПУ-ның 1930 жылғы 4 сәуірдегі, 1931 жылғы 13 қаңтардағы Жүсіпбек Аймауытов, Ахмет Байтұрсынұв, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев және тағы басқалар туралы қаулысының күшін жойды.

Сол жылы Шәкәрім Құдайбердіұлы да ақталды. Ақтау мәселесімен айналысатын арнайы комиссия құрылып, қазақтың зиялыларының есімдері халқына оралды. Бұл кезең 1990 жылға дейін созылды. Алғашқы кезеңнің пайда болуына бір жағы 1986 жылғы жастардың толқуы, екінші жағынан М.Горбачевтың саяси реформасы әсер етті.

Кеңес Одағының ыдырауы және одақтас республикалардың тәуелсіз ел болуы бұл үдерісті тоқтатқандай болды. Себебі мемлекет құру мәселесі өзекті болды. Қала берді, Жоғарғы Кеңес пен Президент институттары

арасындағы текетірес саяси ақтандарды ақтау үдерісін тұралатты. Бірақ соған қарамастан, 1993 жылы 14 сәуірде Президенттің «Жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заңы шықты.

Аталмыш заң Жоғарғы Кеңестің саяси ықпалының арқасында өмірге келді. Себебі, преамбуласында: «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі жаппай саяси қуғын-сүргіндерге ұшыраған адамдарға қатысты әділеттілікті қалпына келтіруге батыл бел байлап, осы қуғын-сүргіндердің барлық құрбандарын ақтау, оларға тигізген моральдық және материалдық залалды қазіргі уақытта барынша мүмкін болатын өтеуді қамтамасыз ету мақсатында осы Заңды қабылдайды» деп жазылған.

Дәл осы фактор ақтау үдерісін кейінге шегерді. Жоғарғы Кеңес таратылды. 1995 жылы қазіргі Парламент іске кірісті. Осылайша 2019 жылға дейін мемлекеттік деңгейде саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мәселесіне мән берілмеді. Қала берді, этникалық

қақтығыстардың алдын алу үшін де бұл мәселеге назар аударылған жоқ. 1995 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы да бекер емес. Бір жағы Президенттік институттың беделін арттыру, екінші жағынан этносаралық татулықты сақтау.

Саяси-құқықтық өзгеріс қажет

2019 жылы елімізде билік транзиті бас-талды. Аталмыш үдеріс саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мәселесін өзекті ете түсті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 24 қарашадағы Жарлығына сәйкес «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия» құрылды. Ол Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші орган болды.

Комиссияның негізгі міндеті – саяси қуғын-сүргін құрбандарын заңдық және саяси тұрғыдан ақтау деп белгіленді. Комиссия келесі функцияларды атқарды:

1. саяси қуғын-сүргін құрбандарына қатысты тарихи әділдікті қалпына келтіру;
2. заңнамалық ұсыныстар енгізу;
3. саяси қуғын-сүргін құрбандарының санаттарын қайта қарау;
4. осы мәселе бойынша арыздар мен шағымдарды қарауды үйлестіру;
5. мемлекеттік бағдарламаның әзірленуі мен қабылдануын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстарды тұжырымдау және енгізу.

Комиссияның жұмысы барысында өткен ғасырдың 20–50 жылдарын қамтыған көптеген құжаттардың беті ашылды. Мемлекеттік хатшы Ерлан Қариннің басшылығымен біршама жұмыс атқарылды. Алайда, 2023 жылы желтоқсанда комиссия өз жұмысын аяқтады. 26 желтоқсанда комиссияның соңғы отырысы өтті. Сөйтіп, 2024 жылы 22 қаңтардағы Президенттің Жарлығымен комиссия өз жұмысын тоқтатты. Енді оның жұмысын Президент Архиві жанынан құралған «XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін материалдарын зерделеу орталығы» жалғастыруда.

Осыншама жұмыс атқарылғанымен алда шешілуі тиіс бірнеше мәселе бар. Оларға ашаршылыққа баға беру, 1993 жылғы қолданыстағы қуғын-сүргін мәселесі бойынша заңнамаға өзгеріс енгізу немесе жаңа заңды қабылдау жатады.



Пердехан ШӘМШИЕВ, сарапшы.

ТАҒЫМ

ӨТКЕН ТАРИХ ҰРПАҚ ЖАДЫНДА ЖАҢҒЫРДЫ



«Саяси қуғын-сүргін құрбандары» музейінде 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алуға арналған іс-шара ұйымдастырылды.

Жиынға белгілі қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар, ғалымдар, БАҚ өкілдері және қуғын-сүргін құрбандарының ұрпақтары қатысты. Алдымен мемориалдық ескерткішке гүл шоқтары қойылып, бір минут үнсіздік жарияланды.

Содан соң саяси қуғын-сүргін құрбандарының тағдыры арқау болған арнайы ғылыми тәжірибелік конференция өтіп, онда Қырғызстан, Өзбекстан елдерінен келген делегация өкілдері баяндама жасады. Олар зұлмат жылдардың ауыртпашылығын тілге тиек етті.

– Саяси қуғын-сүргін құрбандарының тағдыры оңай болмады. Осы орайда

құрбан болғандардың аты-жөндері әлі де анықталып жатыр. Ғылым деңгейі өсті, қазірде генетика арқылы да анықтауға болады. Басты мақсат – ұрпақ жадында өткен тарихты жаңғыртып, еске алып отыру, – деді ғалым, модератор Ғарифолла Әнес.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.



31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

«ШАҢ БАСҚАН АРХИВТЕРДЕН ТАБЫЛАРМЫЗ...»

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Алматы қалалық комиссиясының жетістігі қандай?

XX ғасырдың 20–50-жылдарында Кеңестік жүйе жүргізген саяси қуғын-сүргін кезінде жазықсыз зардап шеккен азаматтарымыздың есімін ақтап, тарихи әділдік орнату – бүгінгі ұрпақтың міндеті. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау үшін Мемлекеттік комиссия құрып, сол бойынша еліміздің барлық өңірінде жұмыс атқаруға тапсырма берілген

болатын. Нәтижесінде Алматыда да комиссия құрылып, дереу іске кірісіп кетті. Жұмыс тобының жетекшісі болған Ғ.Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің Әлеуметтік пәндер кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымының кандидаты, доцент Болат КАБДУШЕВТИ аталмыш комиссияның қандай жұмыстар атқарғанын білмекке әңгімеге тартқан едік.



САРҒАЙҒАН ҚҰЖАТТАР

– Болат Жоламанұлы, аталған комиссия құрамының қала әкімінің 2021 жылғы 8 ақпандағы қаулысымен жасақталғанынан хабардармыз. Қаржыландыру мәселесі шешілгеннен кейін бірінші негіз қолға алдыңыздар?

– Жалпы, зерттеу ұжымын ұйымдастыру, ұйыстыру, қойылған мақсатты бірігіп орындау оңай шаруа емес. Белгіленген тақырыптар, орындалуға тиіс жоспарлар, қойылатын талаптар бар, комиссияда жалғыз тарихшылар ғана емес, әр саланың мамандары болды. Бастапқы 2021 жылы 51 адамнан құралған 9 тақырыптық бағытқа бөлінген жұмыс топтары зерттеуді бастады, 2022 жылы 46 адамға қысқартылып, 7 топқа шақталды, соның 2023 жылды 24 адамнан тұратын 3 бағыттағы жұмыс тобы аяқтады.

Қалалық комиссия 2021–2023 жылдар аралығында 15 отырысын, 14 оқыту онлайн-семинарын, алгоритмдерді әзірлеу және зерттеу жұмыс топтарының зерттеу әдістемесі бойынша 15 ұйымдастыру кеңесін өткізіпті. Тұрақты негізде қалалық комиссия жұмысының алдын ала нәтижелері тыңдалып, қысқа және орта мерзімді кезеңдерге арналған міндеттері нақтыланды, Астанадағы Орталық кеңсеміз үнемі жұмыстың бағыт-бағдарын беріп отырды.

Алматы қаласы әкімдігі жұмыс істеуімізге барынша қолдау көрсетті. Жасалған келісім-шарт бойынша еңбекақымызды уақытымен төлеп отырды. «Қоғамдық даму орталығы» жобалық кеңесі жанынан біздің комиссияға кеңсе бөлінді.

Алғашқы, яғни 2021 жылдың зерттеу

қорытындысы бойынша арнайы мұрағаттар қорларында сақталған істерді зерделеу барысында ақтауға жататын, соттан тыс органдардың үкімімен сотталған 3150 адамды анықтадық. Олар – бай шаруашылық иелері; зорлық-зомбылықпен астық, ет дайындау науқаны мен ұжымдастырудың құрбандары – шаруалар, босқындар; шығармашылық, ғылыми және мәдени зиялы қауым өкілдері, дәстүрлі діни қызметкерлер және тағы басқалар.

Әрине, әр адамның сот ісінің ақ-қарасын ажырату қиырау жұмыс. Архивтің сарғайған құжаттарының шаңын жұтып, ұшы көрінген деректің соңына түсіп қазбалау, олжаланған құжаттарды салыстырып, салмақтап, құндылығын анықтау кәсіптенген, ісіне берілген, жанкешті зерттеушілердің ғана қолынан келеді.

МҰРАҒАТТАҒЫ МҰРАЛАР

– Архив сіздер үшін – басты лаборатория. Құжаттармен жұмыс істеуде мұрағат мекемелері қаншалықты ашық, қолжетімді болды?

– Біздің жұмыс топтарының мүшесіне барлық мемлекеттік мұрағатқа, соның ішінде ҰҚҚД, Полиция департаменті, Алматы қаласы прокуратурасының арнайы мұрағаттарына кіруге рұқсат берілді. Зерттеу жұмысы Президент архивінде, ҚР Орталық мемлекеттік архивінде, Алматы қаласының Орталық мемлекеттік архивінде, Алматы облысының мемлекеттік архивінде, Алматы қаласы бойынша ҚР ҰҚҚД архивінде, Алматы қаласы Полиция департаментінің архивінде өтті. Яғни ең бастысы, талай дерек сақталған

осы негізгі архивтерде жұмыс жүргізуге барлық жағдай жасалды біз үшін.

Қалалық комиссияның жұмыс топтарының мүшелеріне Қазақстанның Кеңестік кезеңін зерттеу үшін Талдықорған қаласына, Алматы облыстық, аудандық мұрағаттарында материалдарды анықтау бойынша археологиялық экспедициялар ұйымдастырылды. Жұмысымыздың маңызды тұсы да осы, саяси қуғын-сүргін кезеңін ашатын құжаттарды жинаумен айналыстық. Атап айтсақ, орталық партия органдары мен атқарушы биліктің (РКП(б)-БКП(б) – КОКП, ОАК, КСРО ХКК) кеңес өкіметін күштеп орнатудағы түрлі зорлық-зомбылық және халыққа қарсы саяси науқандар жүргізу, халықтың наразылықтарын аяусыз басу жөніндегі ресми қаулылары зерделенді. Аталған саяси шешімдерді, Қазақстанның облыстық (өлкелік) және аудандық партиялық-кеңестік органдарының қаулыларын (іс-шараларын) іске асыру тәртібін қабылданған халық көтерілістерін басу және қуғын-сүргін жүргізу жөніндегі есептері мен арнайы ақпараттарына талдау жүргізілді. БКП(б) Қазақ Өлкелік бақылау комиссиясы, БКП(б) ОК жанындағы Партиялық бақылау комиссиясының уәкілетті комиссиясы және Өлкекомның, т.б. жабық қорларының материалдары зерделенді. «Құпия» белгісімен (Бүкілодақтық төтенше комитеттің, Ерекше саяси бөлімнің (ОГПУ), Қызыл армия әскери бөлімдері, Ішкі істер, Мемлекеттік қауіпсіздік органдарының, прокуратура, сот, әділет органдарының бұйрықтары, нұсқаулықтары, жазбаша және телеграфтық нұсқаулары) архивтерде сақталған құжаттар зерттелді және зерделенді. ОГПУ, НКВД, прокуратура органдары, соттар

жанындағы «екілік», «үштік», «алқалар» және «ерекше кеңестер» шешімдерін (үкімдерін) саралап, саяси-құқықтық талдау жүргізілгенін айтуымыз керек. Аудан, облыс, қала деңгейінде орталықтың нұсқауларын іске асыру туралы материалдар да анықталды. Сотталған адамдардың тергеу істерін зерделеу барысында (РСФСР 1926 жылғы ҚК 58, 59, 69, 61, 62, 73, 79, 82, 95, 97, 105, 107, 108, 110, 111, 371-баптар бойынша) шаруашылық міндетін орындамағаны үшін мемлекеттік қудалау мен қуғын-сүргіннің жазықсыз құрбандарын ақтау бойынша ұсыныс енгіздік «Ақтауға жатпайтын адамдарға қатысты қылмыстық істер», «ақталмаған адамдарға қатысты қылмыстық істер», «бұрынғы әскери тұтқындарға қатысты материалдар» қорлары да зерттелді.

Зерттеушілердің бәрінің де оқытушылық қызметі, ғылыми жобалық жұмыстары бар. Сондықтан олар жұмыс істейтін жоғары оқу орындарына, ғылыми-зерттеу институттарына әкімдік тарапынан әріптестерімізді қоғамдық жүктемелерден босату және қалалық комиссияның жұмысына шоғырландыру туралы өтініштер жолданды. Әрине, әр оқу мекемесі әр түрлі қабылдады. Ал мен еңбек ететін Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика байланыс университетінің басшылығы осы комиссия құрамында жұмыс атқарған кафедрамыздың 5 ғалымына толықтай жағдай жасағанын ризашылықпен айтқым келеді.

Архивпен жұмыс істей білетін адам оның азабын да біледі. Керегінді табу үшін қаншама ізденіс қажет: қорлардың тізімін, керек қордың тізімдемесін алып істерге тапсырыс бересін. Берілетін істердің саны шектеулі болады, келу мерзімі бар, одан істерді ақтарып, қажетінді оқып танысасын. Кейде іздегенің таптырмай бос қайтасын, сирек жағдайда олжалы боласын. Сол қажетінді көшірмесін түсіріп берсе жақсы, көп жағдайда қолмен дәлме-дәл көшіруің керек. Құжаттағы әр деталь маңызды, көшірме не түпнұсқа, толық сілтемесі болмаса еңбегің еш кеткені. Жолға кететін алтын тақыт, күн көзі түспейтін салқын ғимаратта уақытты сағаттап, кеңірігінді қарып жіберетін ащы шанды жұтып отыру – мұның бәріне өз ісіне берілген зерттеушілер ғана бара алады...

ТОМ-ТОМ БОЛҒАН ТІЗІМДЕР

– Қылышынан қан тамған саяси жүйенің құрбаны болған арыстарымыздың аруағы үшін де, бүгінгі ұрпақ үшін де қыруар жұмыс атқарылыпты. Оның нәтижесін қайдан көрсек болады?

– Біздің комиссия жұмысының нәтижесі жинақтарда жарияланды. Алғашқы жинағымыз 2021 жылы Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен «Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау: Алматы қаласы әкімдігі жанындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мәселелері жөніндегі қалалық комиссияның 2021 жылғы құжаттары, материалдары» деген атпен жарық көрді. Онда жұмыс нәтижесін талдау мақалалары, құжаттар және ақтауға ұсынылған адамдардың аты-жөні, мекенжайы, сотталған бабы туралы тізімдер берілді.

Қалалық комиссияның жұмысына сол кездегі Алматы қаласы әкімінің орынбасары Е.Бабақұмаров ерекше қамқорлық көрсетті. Өкінішке қарай, бір жыл бойы көз майымызды тауысып жинаған құжаттарымыздың көшірмесі әкімдіктің ғимаратымен бірге «Қаңтар қырғынында» өртеніп кетті. Ал «ҚазМУ» баспасында қалған жинағымыз түгелдей аман қалды. 2022 жылы біздің салған үлгімен Мемлекеттік комиссия да бар өңірлік комиссиялардың жинақтаған құжаттарын жинақтап жариялауға көшті.

2022 жылдың қорытындысында «Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау: құжаттар мен материалдар» атауымен Мемлекеттік хатшы Ерлан Қариннің басшылығымен шыққан жинақ 31 томды құрады. Алматы қаласы комиссиясының жинақтары 24-ші томға енді. Ал үшінші, яғни 2023 жылдың қорытындысында тағы 2 жинақ тапсырылып, 51 том, «Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын оңалту: 2023 жылғы құжаттар мен материалдар» жинағы жарық көрді. Ал дайындалған 71 том – «Қуғын-сүргін құрбандары мен зардап шеккендердің, ұрпақтарының берген сұхбаты негізінде құрастырылған материалдар жинағы» әлі басылмады. Алматы қаласы бойынша жазаланғандардың тізімін кесте түрінде жасап бердік.

Жалпы, әділетсіз қудалау процестерінің бағасын беру, жазаланған нақты есімдерді анықтау және оларды ақтау арқылы тарихи әділеттілікті қалпына келтіру, жұмысты аяғына жеткізу – парызымыз! Жұмысымыз жалғасын табады деген ойдамыз.

Сұхбаттасқан
Нұржамал ӘЛШЕВА.

31 МАМАР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

Гүлшат НҰРЫМБЕТОВА,
ҚР Президенті Архивінің бөлім меңгерушісі, саяси ғылымының докторы, профессор

ҚАСІРЕТТІҢ ДЕРЕККӨЗДЕРІ

Саяси қуғын-сүргін – ел тарихының ең қасіретті беттері. Біздің елімізде 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні 1997 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілді. Бұл күн жүздеген, мыңдаған жазықсыз адамдар негізсіз қуғын-сүргінге ұшырап, қылмыс жасады деп айыпталған, еңбекпен түзеу лагерлеріне және арнайы қоныстарға жіберілген ел тарихындағы қасіретті де қайғылы жылдарды еске түсіреді. «Халық жаулары» таңбасы жазықсыз адамдар мен тұтас бір отбасының басына түсті. Террор мен жалған айыптардың салдарынан жүздеген мың адам қаза тапты.

Тәуелсіздіктің арқасында ХХ ғасырдың 30–50 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін мәселесіне қатысты ақтандақтар ашылып, ақиқатты айта бастадық. 2020 жылдың мамыр айында ҚР Президенті Қ.Тоқаев «Кеңестік қуғын-сүргін құрбандарын ақтау үдерісін жалғастыру тарихи әділдіктің салтанаты» деп мәлімдеген еді. Осы уақыттан бастап елімізде саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау бағытындағы жұмыстар жаңаша жалғаса бастады. Осылайша қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мәселесі Қазақстандағы қоғамдық-саяси өмірдің басты тақырыбына айналды.

2020 жылғы 24 қарашадағы ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың Жарлығымен саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылды. Комиссия қызметінің басты мақсаты кеңестік кезеңдегі саяси қуғын-сүргін құрбандарын «толық ақтау», оларға қатысты тарихи әділдікті қалпына келтіру, қуғын-сүргін құрбандарының барлық санаттарын ақтау бойынша ұсыныстарды тұжырымдау болды. Осы жұмыстарды жүзеге асыру аясында республикалық, жер-жерлерде өңірлік, қалалық комиссиялар құрылып, жұмыс жасалды. Комиссия жұмысы мәселені зерттеуге жаңа серпіліс берді. Бір ғасырға жуық уақыт жабық болып келген архив қорларына қолжетімділіктің орнай бастауы саяси қуғын-сүргін тақырыбын жаңа қырынан тануға мүмкіндік берді. Кешенді ізденіс қуғын-сүргіннің ашылмаған қыр-сырының көп екендігін дәлелдеп отыр. Бұған мемлекеттік комиссия жұмысы аясында 2021–2023 ж.ж. аралығында жарияланған архив құжаттарының жинақтары дәлел.

Қуғын-сүргіннің қасіретін тереңінен ұғынуда соттан тыс органдар мәжілістерінің хаттамалары, жазықсыз жазаланғандардың әділеттілікті талап еткен арыз-шағымдары аса маңызды. Нақтылап кетелік. «Екіліктер», «Үштіктер» және басқа да соттан тыс құрылымдар 30-жылдарда саяси қуғын-сүргінді жүзеге асырудың басты құралы болды.

КСРО ІХК 1937 жылы 30 шілдеде бекітілген №00447 бұйрығымен республикалық, өлкелік және облыстық «Үштіктер» құрыла бастайды. Олардың алдына басты мақсат етіп «кенес өкіметіне қарсы элементтерді» жою және осындай істерді жедел қарау мәселесі қойылды. Оның төрағалығына – ішкі істер халық комиссарлары, өлкелік және облыстық ІХК басқармаларының басшылары, мүшелігіне – одақтас республикалардың орталық комитеттерінің, өлкелік және облыстық партия комитеттерінің бірінші хатшылары мен республикалық, өлкелік және облыстық прокурорлар енгізілген. «Үштіктер» – ату, жер аудару, 8–10 жыл мерзімге лагерге жіберу немесе түрмеге қамау туралы шешім қабылдаған. «Үштіктер» шешімі қайта қарауға жатпайтын, одетте, жазаны жүзеге асыру туралы акт істегі қорытынды құжат болып есептелді. Осы бұйрықпен Қазақстан облыстары бойынша «үштіктердің» құрамы бекітілді. Жалпы, 1937–1938 жылдарда орташа есеппен істердің 25 пайызы сот органдарымен, 75 пайызы соттан тыс органдармен қаралған.

Осыған орай, 1937–1938 ж.ж. Алматы облысы бойынша УНКВД «Үштігі» мәжілістерінің хаттамаларын ой елегінен өткізу келесі қорытындыларды жасауға мүмкіндік берді. 1937 жылы Алматы және Алматы облысы бойынша құрылған «Үштіктің» тамыз айындағы хаттамаларына сүйенсек, онда 4 мәжіліс өтіп, мұнда бас-аяғы 152 адамға қатысты 116 іс қаралып, олардың 128 адам ату жазасына кесілген, 24-і еңбекпен түзеу лагерлеріне жіберілген. Қыркүйек айында да 4 мәжіліс өтіп, мұнда 234 адамға қатысты 207 іс қаралған. Олардың 67-сі ату жазасына кесіліп, 167-і еңбекпен түзеу лагерлеріне жіберілген. Қазан айында 4 мәжіліс өтіп, онда 384 адамға қатысты 324 іс қаралған көрінеді. Олардың 262-сі ату жазасына, ал 122-сі еңбекпен түзеу лагерлеріне жіберілген.

Шаң басып, әбден сарғайған, тіпті сиялары кете бастаған қағаздарды ақтара отырып, оларға таңылған айыптарға қайран қаласың. Қарапайым, сауатсыз, шаруа адамдарын Троцкиймен, Бухаринмен, Пятаковпен байланысы бар деп адам сенгісіз айыптар таққан. Мәселен, 1911 жылы дүниеге келген Дмитренко Семен Семенович, Алматы облысының Қоғалы ауданы Аламан селосының тумасы, бұрынғы кулак. Ол тұтқындалғанға дейін Сары-Өзен Хоргоз жолында қара жұмысшы болып істеген. Сөйте жүріп, революцияға қарсы жүйелі түрде белсенді үгіт-насихат жұмысын жүргізеді. Оған «Халық жауы» атанған Пятаковқа, Тухачевскийге қатысты Жоғарғы соттың шешімдерін талқылау кезінде троцкийшілдерге қолдаушылық көрсетті деген айып тағылып, ату жазасына кесілген.

Бірақ сол бір «қызыл қырғын» жылдары осындай айып-таулармен жүздеген, мыңдаған адамдар атылған, 8–10 жылға еңбекпен түзеу лагерлеріне лек-легімен жіберілген. Тағы бір



көңіл бөлетін жәйт. Шешімнің жылдам да жедел қабылдануы. «Халық жауы» деп ұсталып, түрмеге жабылған адамдарға қатысты бар болғаны 3-4 аптаның көлемінде айыптау шешімі қабылданып, жедел орындалып отырған. Мәселен, Алматы облыстық ІХК үштігінің кезекті отырысы 1937 жылы 31 тамызда өткен екен. Ақсу ауданының тумасы Қылыбаев Нұрғалидың, 1889 жылы туған Ізембаев Қожақанның, 1903 жылы туған, Октябрь ауданының тумасы Ізембаев Батырханның істері қаралады.

Н.Қылыбаев тұтқындалғаннан 19-20 жыл бұрын атаман Анненковтың әскерінде қызмет еткені, Алашорда еріктісі болғаны, халық көтерілісіне қатысқаны бетіне басылды. Нұрғалидың кең ой иесі екені күмән туғызбайды. Ол айтқан мына сөздері хаттамаға түсіпті: «Совет өкіметі Құлымбетовті, Жүргеновті тұтқындады. Бұл кісілер шынтуайтына келгенде қазақ халқының «құдайлары», олар ешқандай қылмыс жасаған емес, совет өкіметі оларды тұтқындады, демек совет өкіметі қазақ ғалымдарын жоюға кіріскені енді түсінікті».

Ал ағайынды Ізембаевтар шекараны бұзып, 4 рет Қытайға өткен екен. Соншама рет елге қайтып келіпті. Бұл – әркімнің қолынан келе бермейтін жанкештілік. Үшеуі де ату жазасына кесілді. Үкім шыққанша Н.Қылыбаев абақтыда бар болғаны 12 күн отырса, Ізембаевтар 8 күн қана қамауда болған екен.

ІХК «Үштігі» айына 4 рет отырыс өткізіп, жүздеген, мыңдаған адамдардың тағдырын шешкен. Мысалы, жоғарыда айтылған 3 айдың (тамыз, қыркүйек, қазан) ішінде Алматы және Алматы облысы бойынша 457 адам ату жазасына кесіліп, 313 адам еңбекпен түзеу лагерлеріне жіберілген. Хаттамаларда «ату жазасының» жедел орындалғаны туралы белгі қойылған. Сонымен, 1937–1938 жылдарда Алматы облысы бойынша 2081 адам еңбекпен түзеу лагерлеріне 5, 8, 10 жылға дейін жіберілген. Бұлардың аты-жөндері бізге белгілі болғанмен, ресейлік Мемориал қоғамы жариялаған «Ашық тізімде» аталмаған. Демек, бұл жазықсыз жазаланған жандар әлі күнге дейін ақталмаған күйде қалауда.

Архив қорларындағы істерді талдау жазаланушыларға қатысты РСФСР Қылмыстық кодексінің келесі баптары мен тармақтарының қолданылғанын көрсетті: 58-1 контрреволюциялық қызмет, 58-3 шетелдік мемлекеттермен байланыс, 58-4 коммунистік жүйені мойындамайтын халықаралық буржуазияға көмек, 58-6 шпионаж, 58-10 совет өкіметін құлатуға шақырған үгіт-насихат жүргізу.

Біз көбінесе тоталитарлық саясат құрбаны болған танымал тұлғалар, мемлекет және қоғам қайраткерлері туралы айтып келдік. Жазықсыз жазаланғандар қатарында Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсын, М.Дулатов, Т.Рысқұлов, О.Жандосов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, М.Тынышбаев, С.Асфендияров, т.б. Бұл тізімді жалғастыра беруімізге болады. Алайда, тоталитарлық нәубет тырнағына қарапайым колхозшы да, малшы да, тракторист те іліккенін көреміз. Жас-кәрі, әйел-еркек, қазақ-орыс, поляк-шешен деп таңдамаған. Сонымен, айыптау қорытындыларынан байқағанымыз: заңсыз айыпталушылардың қатарында Қазақстанның барлық этнос өкілдері, қазақ, татар, ұйғыр, орыс, дунған, украин, тіптен поляк пен немістер де бар. Әлеуметтік-кәсіби құрамы да саналуан – сауатсыз адамнан жауапты қызметкерге дейін бар, басым көпшілігі ер адамдар. Олар кеңес өкіметіне қарсы шықты, оған қарсы үгіт-насихат жүргізді, буржуазияшыл-ұлтшыл, контрреволюцияшыл, террорлық және диверсиялық-қаскүнемдік ұйым мүшесі, Жапонияның басшылығымен Қазақстанда буржуазиялық мемлекет құруға ұмтылды деген тәртізді тағы басқа да желеумен сотталып, ату жазасына кесілген, еңбек-түзету лагерлеріне жіберілген. Сөзіміз жалаң болмас үшін хаттамаға жүгінейік:

Айыпталушы Смағұл Жарқымбаев 1897 жылы Алматы облысының Қастек ауданы, Қастек селосында туылған, қазақ,

орташа, сотталмаған. Кінәсі – террористер Троцкий мен Зиновьевті мадақтап, троцкийтік банданың атылуына қатысты көңіл айтқан. Қызыл террордан бойларын үрей билеген алыстағы қазақ ауылының азаматы биліктің ұшар басындағы Троцкий мен Зиновьевті қорғауы еш мүмкін емес. Ол түгелі етжақын туысына көмек қолын созудан қалған ортада Сталиннің қас жауларына бүйрек бұрды деу қиынсыз жала. Өзін кінәлімін деп мойындамаған. Жарқымбаев Смағұл 1937 жылдың 29 мамырынан 10 жылға еңбекпен түзеу лагеріне қамалсын деген шешім қабылданған. Осы террористер Троцкий мен Зиновьевті мадақтап, троцкийтік банданың атылуына қатысты көңіл айтқан деген іс бойынша 5 адам айыпталған. Смағұл Жарқымбаевтың Троцкий мен Зиновьевті тануы үлкен күмән тудырады. Алайда, ол осы айыппен лагерге қамалған.

Ал келесі айыпталушы 1907 жылы туылған, татар, қызметкер Ғизат Абдуллин. Қамауға алынғанға дейін Шу ауданында аға зоотехник болып жұмыс істеген. Оған кеңес өкіметіне қарсы ұлттық ұйым мүшесі, осы ұйымға қатысушы ретінде аудандағы мал шаруашылығына зиянкестік жасаумен айналысты деген айыптаулар тағылған. Ол 1937 жылдың 14 қарашасында ұсталып, 10 жылға еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. Мінеки, осындай адам сенгісіз айыптаулар олардың ешбір дәйек-дәлелсіз қолдан жасалғанын көрсетеді. Бұл айыптаулардың қолдан жасалғанын архив қорларында сақталған құжаттар да дәлелдей түседі.

Айталық, 1937 жылы 7 желтоқсандағы Алматы облысының УНКВД «Үштігінің» үкімімен еңбекпен түзеу лагеріне 10 жылға жіберілген Д.Д.Бондаренконың И.В.Сталин атына жазған өзінің ісін қайта қарау туралы шағымында «революцияға қарсы насихат жүргізбегенін, өзінің ешқандай кулак емесін, кулак ретінде репрессия мен кәмпескелеуге ұшырамағанын» жазған. Шағым 1938 жылы 22 қаңтарда жазылған екен. Келесі шағым 1937 жылы 31 желтоқсандағы Алматы облысының УНКВД «Үштігінің» үкімімен РСФСР ҚК 58-10-бабы бойынша айыпталып, еңбекпен түзеу лагеріне 8 жылға жіберілген. Бирлақта (Бирск еңбек-түзету лагері – 1939 жылы Қыыр Шығыс еңбекпен түзеу лагерін қайта құру негізінде құрылған) отырған. Ол өзінің әкесінен ерте қалғанын, ал әкесінің ешуақытта бай болмағанын, оны аудан тұрғындарының растайтынын көрсетеді. Мінеки, НКВД лагерлері мен түрмелерден И.Сталин, М.Калинин, Л.Берия, ҚазССР Ішкі істер министрінің, КСРО Прокуроры, ҚазССР Прокуроры аттарына жазылған шағымдардан айыптауларға қатысты ашық шындықты көреміз.

Қорытындылар болсақ, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жұмыстары жалғасуда, әлі жалғаса береді де. Себебі, жабық қорлардағы архивтік құжаттар өте көп екені анықталды. Ақтаратын архив құжаттары да, істелетін жұмыс та баршылық. Соның бірі ортақ мәліметтер базасын құру. Ресейде «Ашық тізім» деген КСРО-дағы саяси нәубет құрбандарының мәліметтер базасының сайты жұмыс істеп тұр. Біз де осы тәжірибені қолдануымыз керек.



31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

Елдос ТОҚТАРБАЙ, алаштанушы:

ТАРИХТЫ ТАНЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ҮЛГІСІ

бітірдім, шегіне жеттім деп айта алмаймын. Өйткені, бір құжаттың келесі бір нұсқасы болуы мүмкін. Архивтегі бір құжатқа бола, бөлім шығарып, айту үлкен тәуекелді қажет етеді. Оны объективті түрде жан-жақты зерттеп, салыстыру керек. Сол уақытта жазылған естеліктер немесе қолжазбалар негізінде салыстырып, бағалау қажет деп ойлаймын. Бір сөзбен айтқанда, өзімнің біраз жылдан бері жинаған құжаттарымның негізінде архивтік материалдар жинағын даярлап, ғылыми түсінігі мен сипаттамасын, хронологиялық шолуын жазып, баспаға ұсынғалы жатырмын. Сол еңбекте осы аталған мәселеге кеңінен тоқталдым.

12 мыңнан аса азаматтың есім-сойы белгісіз

– Бір сұхбатыңызда «25 мыңға жуық зиялы қауым өкілдері жазықсыз атылып кетті» деп нақты санын атап көрсетіңіз. Зерттей келе, бұл санның әлі де өсуі мүмкін бе?

– Иә, біз 1951 жылға дейін жазылған деректер негізінде қарап отырмыз. Осы тақырыптың өзін анықтай алсақ, осының ішіндегі тұлғалар кім академиялық бағытта, кім қайраткер болды, т.б. жеке-жеке саралайтын болсақ, тізім де нақтылана түсетін еді. Өйткені, Алаш қозғалысының бастауында тұрған 1905 жылы 22 маусымда өткен «Қарқаралы» құзырхатының өзіне 12 747 адам қол қойған. Ал бұл 12 747 адам көлденең көк аттылар емес, оқыған, тоқыған ел азаматтары еді. Бүгінгі күнге дейін құзырхатқа кімдердің нақты қол қойғаны, 12 мыңнан аса азаматтың есім-сойы белгісіз. Бұл – бір ғана мысал. Екіншіден, тәуелсіздік алғаннан бері ашыла қоймаған кейбір «құпия» істер енді ғана ашылып жатыр. Мемлекеттік комиссия құрылып, атылған, сотталған, қудаланған қайраткерлерді ақтап, есімдерін анықтап жатыр. Демек, бұл көрсеткіш артпаса, кемімейтіні анық. Біздің мақсат та осы. Есімі көпшілікке беймәлім тұлғаларды таныту, зерттеу.

Ең өкініштісі, 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні деген атаулы күннің ешқандай идеологиялық салмағы болмай тұр. Жалпы ұлттық Аза тұту күні деңгейіне көтере алмадық. Қуғын-сүргін ұрпағы ретінде һәм ұлтшыл азамат, алаштанушы ретінде соған налімын.

– Былтыр Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі комиссия жұмысын қорытындылады. Репрессияға ұшыраған Қазақстан зиялыларының мұрасын зерттеуде бұл комиссияның көмегі болды ма?

– Комиссияның жұмысы өте пайдалы болды. Біз соның нәтижесінде көптеген зерттеуге жаңа материалдар мен деректермен танысуға қол жеткіздік. Десе де, бұл комиссия жұмысын әрі қарай жалғастыру керек еді. Біз тек 1950 жылға дейін қуғын көрген немесе депортацияланған, зорлықпен қуғын-сүргінге ұшырағандарды зерттедік. Одан кейін де советтік биліктің қуғын-сүргінді жалғасты орас пе?! Бұл тақырыпқа біз түбі қайта оралатын боламыз. Сондықтан комиссияның жұмысы жалғасуы тиіс деген ойдамын.

– Қазір қазақ кинематографиясы зиялылар туралы фильмдермен толығуда. «Міржақып. Оян, қазақ!», жақында Ахмет Байтұрсынұлы туралы «Соңғы үкім» фильмі көрерменге жол тартты. Қандай баға бересіз?

– Иә, дұрыс айтасыз. Кейінгі онжылдыққа дейін алашты тану тек қана ғылыми монографиялар мен тұлғалардың өмірі мен шығармашылығын қурастырылған еңбектерден, конференциялар мен еске алу жиындарынан әрі аспай, алаш тұлғаларына арналған бірді-екілі фильм, сериалдар ғана жарық көргені баршамамызға мәлім. Ал десоветизацияланған өркениетті елдер бұл кезеңнен өтіп, жас ұрпаққа тарихты танытудың заманауи үлгілерін көрсетіп жатыр. Әрине, ауызды құрғақ шөппен сүртуге болмас. Өйткені, қалай десек те бұл саланың жаңа тынысы енді ғана ашылып келеді. Жас ұрпақ алаш қайраткерлерінің бейнесін, есім-сойын, өмірін енді ғана танып келеді. Мұны былай қойғанда, тарихи-танымдық деректерге толы деректі фильмдер мен өзіңіз айтып өткен кинематография саласында туындылар енді ғана лек-легімен түсіріліп жатыр. Сондықтан да бүгінгі көзқарас, бүгінгі арын, бүгінгі жаңа тыныспен келешекте алаш тарихы кеңінен насихаттала түседі деп ойлаймын.

Ахаң сынды ғұмырын ұлтына бағыштаған тұлға туралы киноны көру – барша қазақ баласына парыз. Отбасымен көр, ұлттық апатты сезін, асқақ ерлердің өмірін балаңа үлгі-өнеге қыл дегім келеді. Мұндай фильмдер үшін қуанауымыз керек.

– Әңгімеңізге көп рахмет!

Сұхбаттасқан Гүлжанат СЕМБАЕВА.



– Саяси қуғын-сүргін құрбандары туралы зерттеліп жүр. Аштық құрбандарына қатысты нақты ақпарат жоқ. Қуғын-сүргінге ұшыраған адамдардың тіпті, депортацияға ұшыраған адамдардың тізімі бар. Ал ашаршылыққа ұшыраған адамдардың санын ғана білеміз...

– Ойыңызды түсіндім. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Тәні саудың – жаны сау» атты мақаласында жаға ұстатарлық оқиғаны баяндайды: «...Өткен қыста аштық болды. Ашыққан адам бірінің етін бірі жеді. Өліктің етін жегені былай тұрсын, өлмеген тірі адамдарды малша ұрлап, малша сойып жеді. Қалаларда түн болса, көшеде жүруге болмады. Мезгілсіз уақытта көшеде жүрген адамдарды жылқы сияқтандырып бұғалық салып, буындырып ұстап, сойып жейтін болды. Анасы баласының етін жеуге жетті... Аштықтан адамның тәні азып еді, жаны да азып, ес кетіп, адамгершілік жоғалып, адам хайуаннан да жаман болып кетті...» деп жазады. Міне, зұлматты ашаршылықтың портреті. Ахаңнан асып бұл нәубетті баяндай алмаспыз. Десек те, ашаршылық қалай басталды? Қанша адам апат болды? Қаншасы босып кетті? Осы сұрақтарға мұрағат құжаттары негізінде жауап беру аса маңызды әрекет болып тұр.

– Күнтізбеге қарасақ, биыл біртуар арыстардың мерейтойы. Солардың бірі – Ілияс Жансүгіров. Ол туралы 2011-2012 жылдан бері жазып, іліястану ғылымымен айналысып жүрсіз. Ақынның 130 жылдығына орай қандай жұмыстар атқару жоспарда бар?

– Иә, Ілияс Жансүгірұлы – жаным жақын қазақ ақындарының бірі. Абайдан кейін қазақ әдебиетіне өзгеріс әкелген, қазақ поэзиясын түр жағынан, жанр мен стиль жағынан байытқан модернист ақын. Ілияс Жансүгірұлының 130 жылдық мерейтойы аясында ақынның құрметіне орай «Ілияс Жансүгірұлы. Бұрын жарияланбаған шығармалары» кітабын дайындадық. Сонымен қатар, «Ілияс» деген ғұмырбаяндық хикаят жаздым. Мұның бәрі Ілияс Жансүгірұлының мерейтойына тартуым болады. Жалпы, іліястану мәселесіне жаңаша көзқараспен қарадым деп ойлаймын. Оқырман, әдеби қауым, ғылыми жұртшылық қолына кітабымыз күзде түсуі тиіс. Оқып, бағасын бере жатар.

Архивтегі шындық

– 15 жылға жуық архив ісімен айналысып жүрсіз. Архивтегі деректердің бәрін тарихи шындыққа жатқыза аламыз ба? Зерттеу кезінде Алаш арыстарының өміріне қатысты бір-біріне қарама-қайшы келетін деректер кездесті ме?

– XX ғасыр басындағы құжаттарды зерттеу сол кезеңдегі саяси-әлеуметтік, қоғамдық, экономикалық жағдайлармен тығыз байланысты екенін түсіну керек. Әрине, архивтегі деректердің бәрін тарихи шындыққа жатқыза аламыз. Бірақ оларды тану кезінде және оларға лайықты баға беру кезінде біз түрлі еңбектермен танысуымыз тиіс. Архивке 15 жылға өмірімді арнап, жұмыс істеп келе жатырмын. Бірақ толық

шетелдік интеллигенциямен қарым-қатынаста болып, хат алмасқан зиялы еді. Сондықтан алғашқылардың бірі болып атылды. Одан кейін шетелде білім алған, Германияны көрген, сол уақытта қазақтың үлкен азаматтары ретінде танылған Ғазымбек Бірімжан бастаған зиялылар тұзаққа түсті. Мәскеудегі Ваганька қорымына әйгілі аудармашы, Алаш қайраткері Ахметсафа Жүсіпұлы, Дәмолла Битілеуұлы, Халел Ғаббасұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Дінмұхамед Әділұлы, Хайреддин Болғанбай, Әбдірахман Мұғайтпасұлы сынды мықты жігіттер жерленген. «Шетел тыңшысы» деген айыппен соттау ісі 1937-1938 жылдарда ғана емес, тіпті 1951-1953 жылдарға дейін жалғасты.

Зұлматты ашаршылықтың портреті

– Біздегі тағы бір маңызды мәселе – ашаршылық. Әлі күнге дейін жабық тақырып болып тұр. Қазақтың басына түскен 1932-1933 жылдардағы ұлттық апаттың шындығы неге әлі ашылмай келеді?

– Ашаршылықтан қайтыс болған адамдардың санын нақты көрсету мүмкін емес. Өйткені, ол уақытта қайтыс болғандарды тізімге алып, ресми жерлеп жатпады. Бұл – шынымен, ұлттық апат, ұлттық трагедия. Мәселен, XX ғасырдың басында қазақ ұлты 8 миллион шамасында болса, репрессия, саяси қуғын мен ашаршылық салдарынан кейінгі санақта қазақтың саны 1 миллионға жетпей қалуының өзі үлкен шығын екенін көрсетеді. Жалпы, нақты сан айтылуы үшін өте ауқымды әрі кешенді зерттеу жүргізілуі қажет. Біріншіден, ашаршылық тек қана 1932-1933 жылдарды ғана қамтымайды. Жалпы, ашаршылықтың бірнеше кезеңі бар. Зерттеушілердің көбі сол кезеңдердің ішінде тек қана отызыншы жылдардағы нәубетті ғана айтады. Жалпы, XX ғасырдағы ашаршылық зауалы 1919-1922 жылдар аралығын қамтиды. Осы жылдары аштық кезінде 1,5 млн-ға жуық адам шығыны болды. Ол көбінесе елдің оңтүстік аймақтарын қамтыды, нақ осы және басқа да деңгейде Қазақстанның барлық тұрғыны да зардап шекті.

Ашаршылықтың келесі кезеңі – отызыншы жылдардағы аштық, яғни Ф.Голощекиннің «Кіші қазан» саясаты. Әртүрлі мәліметтер бойынша, 1930 жылдарда 1,5 млн-нан – 2,5 млн адамға дейін ашаршылыққа ұрынған. Сіз айтып отырған нәубет – осы. Одан кейін де соғыстан кейінгі ашаршылық көп айтылмай, зерттелмей жүр. Жалпы, айналдырған 10-15 жылдың ішінде 5 миллионға жуық адам ашаршылыққа ұшырап, аман қалғандары босып кетті. Тарихшы ғалым Талас Омарбекұлының зерттеуінше: «1930 жылы ауылдағы қазақтар саны 5 млн 873 мың деп көрсетілсе, қалада 732 мың қазақ тұратыны анықталған. 1932 жылы ауыл халқының саны 2 млн 493 мыңға дейін кеміп кеткен. Яғни шамамен 3 млн 379 мың адам қырылған болып шығады. Ал енді «жоқ, сонша қырылуы мүмкін емес, көбі қалаға көшті» деген күмән тумас үшін сол тұстағы қала халқының санына сәйкес, ол 1 млн 218 мыңды құраған. Қаперде ұстайтын бір жайт, ауылдан қалаға ағылған, не жұмысы, не баспанасы жоқ босқын қазақтарды ешкім еш жерге тіркемеген» деген дерек білдіреді. Сондықтан да бұл кезеңді бүгінгі буын десоветизацияланған көзқараспен қарап, тарихшы, демограф ғалымдар мұрағат құжаттары негізінде әділ бағасын беруі қажет.

Бүгін – Саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық құрбандарын еске алатын азалы күн. Халыққа қарсы жасалған геноцид құрбандарын еске алу күні күнтізбеге басылып, ресми түрде аталып келе жатқанына биыл 27 жыл. XX ғасыр нәубет-зұлматтарын саралап, қуғын-сүргін құрбандарын ғылыми-зерттеу жұмыстарымен тұрақты айналысып, Алаш арыстары мен олардың еңбектері туралы жазып жүрген алаштанушы Елдос ТОҚТАРБАЙМЕН сұхбаттасудың сәті түсті.

Қазақ қалай қырыла бастады?

– Саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық нәубеті туралы айтар болсақ, бұл тақырып бір сұхбатқа сыймайды. Зерттеу жұмыстарыңыздың нәтижесін әлеуметтік желідегі парақшаңызда, БАҚ-та мақала етіп жарыққа шығарып жүрсіз. Кейінгі кездегі ғылыми-зерттеу еңбектеріңіздің ерекшелігі неде? Сұхбатымызды содан бастасак...

– Қазіргі уақытта не жазып жүрсіз деп отырсыз ғой, жоғалған, өртелген мұраны іздеу, түгендеу жұмысы жалғасып келеді. «Өткелде ат ауыстырмайды» демекші, тақырып ауыстырып, біресе анаған, біресе мынаған қызығар жастан өттік қой. Алашты тану, зерттеу деген жолға түскелі түрме, эмиграция тақырыбын зерттеп келемін. Бұл тақырып аясында айтарым да, жазарым да өте көп. Бұған ғұмыр жете ме, жетпей ме, білмеймін, себебі ауқымы өте үлкен, күрделі әрі сыры да, жұмбағы да мол қиын тақырып. «Түрме» эпопеясын жазуыма түрткі болар. Болашақта осы тақырыпты кеңейтіп, қазақ әдебиетіндегі түрме әдебиетін түркі халықтары әдебиеті негізінде салыстыра байланыстырып, зерттей алсақ, оның көлемді антологиялық жинағын дайындап, сөздігін шығарсақ, үлкен жұмыс болар еді.

– Алаш арыстарын «жасырын ұйым құрды», «шетелдің тыңшысы», т.с.с. басқа да жаламен қуғын-сүргінге ұшырату қай уақытта басталды? Қуғынға ұшыраған алғашқы Алаш арысы кім?

– Совет үкіметі орнаған күннен бастап ел мүддесін ұстаған азаматтардың соңына шам ұстап түсті. Сондықтан саяси қуғын-сүргіннің хронологиясын толық жасауымыз керек. Сонда ғана қазақ қалай қырыла бастады деген үлкен сұрақтың нақты жауабын бере аламыз. Ал бұл – оңай шаруа емес. Бұл ретте атқарылар шаруа шаш-етектен. Тек тарихшы, әдебиетшілерден құралған алаштанушылар ғана емес, археолог, антрополог, заңгер, психолог, генетик, т.с.с. ғалымдардың пән-аралық байланыс негізінде жұмыс істеп, ортақ қорытынды шығарған абзалырақ. Ал бұл шаруаға Үкімет мемлекеттік бюджетпен арнайы ғылыми жоба даярлап орындатуы тиіс.

Алғаш болып қуғын-сүргінге ұшырап кеткен Алаш арысы – Жүсіпбек Аймауытұлы. Ол – Алаш қайраткерлерінің ішінде ең білімді,





БӘРЕКЕЛДІ!

КҮЙШІНІҢ САЗЫ ҚАЛҒАН АСПАП

Домбыралар үйінің төрінен орын алды



өнер көрсетеді. Сонымен қатар, «Самал» «Серпер» ансамбльдерінде көркемдік жетекші әрі жеке орындаушылық қызметтерін атқарған.

– Рақанның қолының ізі, сазы қалған осынау киелі аспаптың еліміздің небір дүлдүл әнші, жыршы, күйшілерінің домбыраларының сапынан орын алғанына қуаныштымын. Соған лайықты деп танып жатқан сіздерге рахмет айтамын. Рақым Тәжібаевтың репертуарында 150-ден астам күйі бар. Сондай-ақ, бірнеше домбыра сыныбын ашып, талантты жастарды тәрбиелеуде айрықша еңбек еткен тұлға. Күй өнеріне өзіндік қолтаңбасын қалдырып, жаңа белеске көтерген ол домбыраны да керемет жасайтын шебер ретінде де таныма болды. Оның қоңыр домбырасы музейге аманат! – деді аспапты Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығының жетекшісі Роза Жүнісқызына табыстаған күйшінің жары, ҚР мәдениет қайраткері, әнші, термеші Ажаргүл Тәжібаева.

Рухани іс-шарада күйші, домбырашы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Шәміл Әбілтай, «Құрмет» орденінің иегері, дәстүрлі әнші Рамазан Стамғазиев сөз сөйлеп, күйшінің өнердегі жолынан сыр шертіп, ұрпаққа қалдырған мұрасының мәңгі жасай беретінін айтты. Кешке Құрманғазының «Аман бол шешем, аман бол!», «Серпер», Тәттімбеттің «Көкейкесті», Әбдімомун Желдібаевтың «Ерке сұлқым» күйі, Әбікен Хасеновтың «Қоңыры», Жәнібек Кәріменовтың «Ойламандар, жігіттер» термесі көрік берді.

Алматы қаласының Музейлер бірлестігіне қарасты Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығына күйші, домбырашы, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Рақым Тәжібаевтың домбырасы салтанатты түрде қабылданды.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Ақсу ауданындағы Сағабуейен ауылына ата-анасымен бірге оралады. Орта мектепті бітірген соң Алматы қаласындағы Республикалық эстрада және цирк колледжіне оқуға қабылданып, профессор Құбыш Мұхитовтың сыныбында дәріс алады. Сонымен қатар, тарих сахнасында өз орны

бар Рүстембек Омаров, Мағауия Хамзин, Әзидолла Есқалиевтерден тәлім алған. Кейінірек Абай атындағы педагогикалық университетінің музыка пәнінің мұғалімі мамандығын тәмамдаған. Оқу орнында шәкірт бола жүріп күйші «Қазақконцерт» бірлестігімен қатар, «Гүлдер» ансамблінде

КӨРМЕ



БАЙҚАУ

«КӨРНЕКТІ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ МҰРАСЫ»

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының Қоғамдық даму орталығының ұйымдастыруымен «Көрнекті тұлғалардың мұрасы» атты әдеби квест байқауы өтті.

Алматы қаласы Қоғамдық даму орталығының ұйымдастыруымен алғаш рет «Көрнекті тұлғалардың мұрасы» тақырыбында әдеби квест байқауы Alatau creative hub орталығында өтті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ұлттық идеяны қалыптастыру біздің өз тарихымызды жаңадан оқу негізінде ғана мүмкін болады. Сондықтан ұлттық идеяның формуласы ұлттық тарихта жатыр» дегеніндей, бұл шараның басты мақсаты – қазақ елінің мақтанышына айналған айтулы тұлғалардың мұрасы мен шығармашылығын кеңінен насихаттау.

Байқау барысында тұлғалардың өмір жолы мен еңбектері туралы тың мәліметтер талданып, шығармашылықтары жан-жақты ашылды. Байқауға жалпы білім беру мектептерінің 7-8 сынып оқушылары қатысты. Жалпы, білім беру ұйымдарынан 30-дан астам өтініш түсіп, 5 үздік команда іріктеліп алынды. Білім мен жылдамдықты талап ететін квест-ойын форматындағы байқауда оқушылар өз білім деңгейлерін дұрыс шешім қабылдау, логикалық ойлау және жылдам ойлау қасиеттері арқылы көрсете білді. Үміткерлерді іріктеу мен жеңімпаздарды анықтайтын қазылар алқасы қатарында сарапшылар, әдебиеттанушылар, үздік ұстаздар, журналистер және өнер қайраткерлерінің өкілдері болды. Байқау нәтижесі бойынша I орынды Абай атындағы РММИ, II орынды №178 лицей, III орынды №115 мектеп оқушыларының командалары жеңіп алды. Жеңімпаздар арнайы дипломдар, алғыс хаттар және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Назерке ЗАЙФУН,
«Тұран» университеті
«Журналистика» мамандығының
3-курс студенті.

ЖАПОН ЖӘДІГЕРЛЕРІ

СҮЛУЛЫҚҚА ТОЛЫ

Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде музей қорынан алынған жәдігерлер қойылған «Жапон өнері. XVII-XXI ғасырлар» атты көрме өтуде.

шыныдан және қағаздан жасалған туындылар, дәстүрлі қуыршақтар, әртүрлі аксессуарлар, ксилография, сәндік желдеткіштер және т.б. бұйымдар ұсынылған.

– Олардың кез келген бұйымы – тарихқа, белгілі бір қағидалар мен сабақ-



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Келушілер назарына музей қорындағы қолданбалы және бейнелеу өнерінің барлық түрі ұсынылып, сонымен қатар әлемдік көркемөнер мәдениетінің тарихында өзіндік орнын қалдырған қола бұйымдарын жасаудың ең күрделі технологиялары мен фарфорға өрнек салудың бірнеше тәсілінде орындалған туындылар бар. Көрме экспозициясына графика шығармалары, металдан, керамикадан, ағаштан, мағадан, папье-машеден, сүйектен,





1 МАУСЫМ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ



ЖЕР ШАРЫН БАЛАЛАРҒА БЕРЕЙІК!



жандар назар аударып, балаларды қорғау күні белгіленеді. Тағы бір мәліметте 1925 жылдың 1 маусымында жас ұрпаққа арналған мереке идеясының өзі дүниеге келгені де айтылады. Қытайдың Сан-Францискодағы (АҚШ) бас консулы өзі тұрған қаладан Америка Құрама Штаттарына Орта Патшалықтан келген жетім балаларды тауып алып, оларға мерекелік іс-шаралар ұйымдастыруды бастайды. Жаздың басталуы бейнелейтін Қытайдың ұлттық мерекесі Дуанву (Айдаһар қайықтар фестивалі) сол жолғы дүниежүзілік қауымдастыққа Қытайдан келген дипломаттың идеясы қатты ұнайды. Бұл оқиға балаларға арналған ерекше мерекені белгілеу идеясының дүниеге келуіне ықпал етті деседі. Сонымен қатар, 1925 жылғы маусымда тағы бір айтулы оқиға болды. Қытайдың бас консулы жетім балаларды жақсылыққа бастап жатқанда, Женевада бірінші халықаралық конференция өтіп, онда балалардың проблемалары талқыланды. Бұл факт де Балаларды қорғау күнін мерекелеу күнін таңдауда маңызды қадам болды деп саналады.

1959 жылы Балаларды қорғау күнін құру идеясын БҰҰ да жоғары бағалаған еді. Содан кейін 1989 жылы дүниежүзілік ұйым Бала құқықтарының Декларациясын дайындады. Сонымен қатар, оған Бала құқықтары туралы конвенцияны енгізді. Кеңес Одағының Жоғарғы Кеңесі бұл құжатқа 1990 жылы шілдеде қол қойды және екі айдан кейін күшіне енген еді.

Елімізде 1 маусымда Балаларды қорғау күніне орай түрлі шаралар ұйымдастырылады. Бұл күні Алматы қаласының орталық саябағы мен 8 ауданында балалар шығармашылық топтарының қойылымдары, концерттер, спорттық жарыстар, балалар суреттерінің көрмелері және жүлделі байқаулар ұйымдастырылады. Қаланың орталық саябағынан бастап, барлық алаңдарында балаларға түрлі ойыншықтар, шарлар мен сыйлықтар таратылады. Тегін балмұздақтар таратылады.

Еліміздің телеарналары да бұл күні кішкентай көрермендердің көңілін көтереді. Дәл осы күні ұйымдастырылған қайырымдылық шаралары мен концерттерден түскен қаражаттар балалар үйлері мен ауруханаларға жіберіледі. Алматыда дәл осы мереке аясында «Бозторғай», «Мейірім», «Бала фест» байқаулары жыл сайын өткізіліп келеді.

Жаздың алғашқы күні әлемнің ең кішкентай тұрғындары өздерінің төл мерекелері 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күнін атап өтеді. Бұл мерекенің Халықаралық деп аталуы бұл күнді әлемнің 60-тан астам елі атап өтеді. Бұл күннің тарихы да ерекше. Сонымен қатар, айтулы мерекенің әлемге ортақ өз туы бар. Онда жасыл кенеп бетіне бес түрлі-түсті схемалық адам (қызыл, көк, қара, ақ және сары) түскен, ол баршамызға ортақ планетамызды білдіреді. Сонымен қатар, жер бетінде тұратын адамдардың бірлігін де білдіреді. Бұл күнді әлем халқының «Жер шарын балаларға берейік» деген ізгі тілекпен атап өтуі үрдіске айналған.

Мерекенің тарихын да тарқата кетейік. Осыдан 80 жылдай бұрын, нақтырағы 1949 жылдың қараша айында Парижде Халықаралық демократиялық әйелдер федерациясының арнайы сессиясы өтіп, онда Балаларды қорғау күнін белгілеу туралы шешім қабылданды. Осыдан кейін олар мерекені келесі жылдан бастап тойлай бастады. Балалар мерекесін 1950 жылы әлемнің 51 елі атап өтеді.

Дегенмен, «Балаларға арналған мерекені белгілеу қажеттілігі нелік-

тен туды екен?» деген сауал оқатекте бой көтеріп қалады. Оған жауап ретінде Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін әлемнің әртүрлі елдеріндегі кемелетке толмағандардың жағдайының өте ауыр болғаны, олардың көпшілігі ата-анасынан, баспанасынан айырылуы себеп болады. Сондықтан олардың дені көшеде тұруға, қайыр сұрауға немесе ұрлық жасауға мәжбүр болады. Осылайша балалардың кейбірі аштықтың, тіпті кейбірі аурудың құрбаны болады. Осыдан кейін қамқор

БАЙҚАУ



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЙЫС БАСТАЛДЫ

Алматыда халықаралық сайыс басталды. Бұл байқауды Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, «Көркемсурет» кафедрасы және «Көрмелерді ұйымдастыру және шығармашылық туындыларды сақтау» бөлімі ұйымдастырып отыр. «Qyzgaldaq-2024» IV Халықаралық студенттік байқау-пенәріне қатысушыларды академия ректоры Арман Жүдебаев құттықтады.



– Бұл байқау неліктен қызғалдақ деп аталды деп таңырқап жүргендер аз емес. Қызғалдақ – Қазақстанның мәдени рәміздердің бірі. Ол көктемнің ғана емес, жаңа бастамалардың да белгісі. Қызғалдақ бейнесі көбіне қазақтың дәстүрлі кестелерінде, киімдерінде және сәндік-қолданбалы, бейнелеу өнерінде қолданылады.

Оның үстіне Қазақстан қызғалдақтың отаны әрі кең таралған аймағы. Мәселен, Орта Азияда кездесетін қызғалдақтың 64 түрінің 35-і біздің елімізде өседі екен. Ал олардың 18 түрі «Қызыл кітапқа» еніп отыр. Қазақ даласының сәні болған қызғалдақ әр көктем сайын гүлдеген кезде республикамыздың барлық аумағы масаты кілемдей құлпырып, көздің жауын алады. Бұл асыра айтқандық емес, Қазақ даласы шын мәнінде Жер бетіндегі ең үлкен табиғи гүлзарға айналып отыр, – дейді осынау іс-шараның авторы әрі бастамашысы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Көркемсурет» кафедрасының меңгерушісі, профессор Болат Тұрғынбай.

Байқауға қатысушылар пенәзде кескіндеме бойынша (майлы бояу, акрил, акварель, екі жұмыс жазады. Алғашқы күні Алматы қаласының көрікті жерлерінен этюд жазу үшін Панфилов көшесінің бойына шығып, өздері ұнатқан жерге жайғасты. Бұл сайысқа қатысу арқылы жас суретшілер өз кенептерінде Алматы қаласының сұлулығы мен бірегейлігін түсіруге мүмкіндік алды.

Биылғы іс-шараға Қазақстанның өзге өңірлері мен шетелден 22 студент қатысса, олардың қатарында Корея, Өзбекстан, Қырғыстаннан келген жастар бар. Жас қылқалам шеберлерінің жұмысын Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰОА-сының профессор-оқытушылары, Қазақстанның белгілі суретшілері мен шетелдік суретші мамандар бағалайды.

«Qyzgaldaq-2024» IV Халықаралық студенттік байқау-пенәрінің жеңімпаздарын марапаттау бүгін, 31 мамырда өтеді.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР



ІЛТИПАТ

БІР АУЫЗ ЖЫЛЫ СӨЗ

науқас жанға дем,
күш-қуат береді

Басмыз ауырып, балтырымыз сыздаса, дәрігерге барамыз. Жанымызға батқан аурудан аман алып қалатын сол мамандар екені даусыз. Тұрақты оқырманымыз, зейнеткерүстас Асан ҚАНЫБЕКҰЛЫ хат жолдапты. Ол дәрігерлерге деген алғысын біз арқылы жеткізгісі келеді.

– Былтырғы мамырда кенеттен жүрегім сыр беріп, «Жедел жәрдеммен» Алматы қалалық кардиология ауруханасына жеткізілдім. Тексеруден кейін мамандар жүректің бір қан тамырының стенозына (бітеліп қалуы) байланысты стент, бірнеше күннен соң жүрек соғысының бұзылуын қалпына келтіру үшін кардиостимулятор орнатты. Ауруханадан шығар уақытта бір жылдан кейін жүректің басқа тамырына екінші стент орнату қажет екендігін ескерткенін. Бірақ биылғы ақпанда жүрек тағы сыр беріп, қалалық кардиология ауруханасының мамандары портал арқылы қайтадан ауруханаға жатуға кеңес берді. Студенттерге сабақ беріп жүрген уақыт болғандықтан, олардың білім алуын ойлап, мамырдың бесіне дейін сабақ беруді жалғастыра бердім. Бірақ кейінгі он бес-жиырма күн жүрегім маза бермей, нитроглицерин деп аталатын дәріні қабылдаумен болдым. Жағдай оңалмады, сондықтан дәрігерлерге жүгінуге тура келді.

Төле би көшесінің бойында орналасқан қалалық кардиология ауруханасына (бір жыл бұрын операция жасатқан мекеме) бардым. Бас дәрігердің орынбасары Әмина Ғалымжанқызы қабылдау бөлімшесіне қоңырау шалып, медициналық сараптама жүргізіп, қажет болса стационарға жатқызуға кеңес берді. Ал науқастарды қабылдау бөлімшесінің меңгерушісі Ғалия Жақсылыққызының басшылығымен екі сағат ішінде қажетті барлық тексеріс жүргізіліп, кардиология бөліміне жатқызылды. Жүректі тексеретін УДЗ дәрігері мен кезекші кардиологтың мені танып, оларға кезінде дәріс оқып, сабақ бергенімді, мен жазған оқулықпен шұғылданғандарын, қандай көмек қажет екендігін жарыса айтып, «жазылып кетесіз» деп дем бергенде, қуанғаным соншалық, көзімнен жас шығып, жазылып кеткендей сезімде болдым.

Сонымен, 1-кардиология бөлімшесіне жатқызылып, емдеуші дәрігер Дина Мейірбекқызы мен бөлімше меңгерушісі Гүлнұр Жандарбекқызының басшылығымен ем жүргізіле бастады. Келесі күні отаға жатқызылдым. Маған былтыр операция жасаған кардиохирург Айжан Нұржанқызының басшылығымен анестезиолог Тимур Болатұлы және кардиохирург Сәуле Мүсілімбақызы коронаграфия деп аталатын тексеріс жасап, екінші стент орнатып берді. Отбасыма аман-есен оралдым. Қазір жақсымын.

Мен айтар едім, ауруханаға түскен науқасты ең алдымен емдейтін дәрі-дәрмек емес, ақ халатты абзал жандардың бір ауыз жылы сөзі, мейірімі. Осы орайда қалалық кардиология ауруханасының дәрігерлеріне шексіз ықыласымды білдіргім келеді.

МӘСЕЛЕ

АТЫ ЖАМАН АУРУ

Оны ауыздықтау жолы – вакцина салдыру

Алматыда ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің бастамасымен және Ұлттық қоғамдық денсаулық сақтау орталығының қолдауымен БАҚ өкілдеріне адамның папиллома вирусына (АПВ) қарсы вакциналау мәселесі бойынша семинар-тренинг өтті. Онда Ұлттық иммундау бағдарламасының жетекші сарапшылары, мегаполис мамандары сөз сөйледі.

Иә, бүгінде «адамның папиллома вирусы» күн тәртібінде тұрған тақырып. Себебі, бұл онкологиялық ауруларға, әсіресе жатыр мойны обырына тікелей жол ашып беретін вирус болып отыр. Сондықтан оның алдын алу үшін екпе алу маңызды дейді сала мамандары.

АПВ-на қарсы егілетін вакцинаны әлемнің 135 елі 15 жылдан бері қолданып келеді. Солардың ішінде өзімізге іргелес жатқан Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан да бар. Әлемнің 117 елі адам папиллома вирусына қарсы вакциналарды өздерінің ұлттық иммундау бағдарламасына кіргізіп қойған, соның ішінде озық деген Еуропа, АҚШ, Ұлыбритания, Канада, Австралия және Латын Америкасы бар. Ал біздің Қазақстан алғаш рет биылғы күзде егуді бастайтын болады.

– Бүгінгі күні иммундау ел халқының денсаулығын сақтаудағы ұлттық саясатын маңызды құрамдас бөлігі болып отыр. Әйелдерде жатыр мойны обырының көрсеткіші жыл санап артуда. Ал бұл қатерлі дертпен күресудің ең тиімді құралы – АПВ-на қарсы тұра алатын екпе. Біз осыны халыққа дұрыс жеткізуіміз керек. Елімізде күн сайын жатыр мойны обыры кеселімен 5-6 адам тіркеледі. Дәл осы қатерлі аурудан бір күнде 2-3 әйел, бір жылда 600-і көз жұмады. Адамның папиллома вирусына қарсы вакцинаны сонау 2006-2007 жылдары енгізген мемлекеттердің көрсеткішіне сүйенсек, он жылдан кейін АПВ-ның онкогендік түрлері айналымының 80%-дан астам төмендегенін көрсетеді, – дейді ҚР ДМ Ұлттық қоғамдық денсаулық сақтау орталығының басшысы Манар Смағұл.

Адамның папиллома вирусы – бұл бүкіл әлемде өте кең таралған, шырышты қабаттар мен теріге әсер ететін вирустар тобының жалпы атауы. Бүгінде вирустың



Дереккөз: ult.kz

200-ге жуық түрі белгілі болып отыр, олардың кем дегенде 14-і қатерлі ісіктер тудыратыны дәлелденген. Соның ішінде ең жоғары қауіптісі – жатыр мойны обырын тудыратын 16 және 18-ші түрі.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, әлемде АПВ-на қарсы егілген вакциналардың ешқайсысы жағымсыз реакциялар тудырмаған. Қазақстан да өз ұлтының денсаулығына алаңдап, АПВ-на қарсы екпені биыл үшінші тоқсаннан бастап егуді жоспарлап отыр. ДДҰ ұсынысына сәйкес, ол екпе 9-14 жас аралығындағы жасөспірім қыздарға салынуға тиіс. Ал бізде Қазақстан Республикасының Ұлттық вакциналау күнтізбесіне сәйкес, ДДҰ ұстанымын және Қазақстан Республикасында халықты иммундау жөніндегі сарапшылардың Ұлттық техникалық консультативтік тобының ұсынымдарын ескере отырып, аталған екпені 11 жастағы қыздарға салу көзделіп отыр. Әрине, ол күштеп емес, ата-ананың рұқсатымен егіледі.

Біздің ел АПВ-на қарсы егілетін «Гардасил» вакцинасын таңдап отыр. Ол Голландияда шығарылады, 2006 жылы қолдануға лицензия алған. Бүгінде 70-тен астам елде қолданылады. «Гардасил» – төрт валентті вакцина, яғни ол адам папиллома вирусының ең қауіпті деген 6, 11, 16 және 18 деген төрт типінен қорғайды.

Осы орайда айта кетейік, АПВ қол алысу, сүйісу, терідегі зақымданған жерлер арқылы және жыныстық қатынас кезінде жұғуы мүмкін. Сондықтан сауна, моншаларға, спорт залдарына, бассейнге, әжетханаларға барғанда гигиеналық талаптарды сақтаған абзал.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Райхан БОЛАТБЕКОВА,
Алматы онкологиялық
орталығының онкогинекология
бөлімшесінің меңгерушісі:

Екпенің тиімділігі
расталған

Жатыр мойны обыры 25–44 жас аралығындағы әйелдерде жиі кездесетін онкопатологиялар арасында екінші орында тұрғаны да дабыл қағатын жағдай. Бұл кеселді АПВ инфекциясы тудырады. Аталған вирус өте қауіпті. Өйткені, ол жылдам жұғады, жасушалардағы қатерлі ісіктің деградациясының қоздырғышына айналады, нәтижесінде қатерлі ісіктің дамуына жол ашып береді. Көп жағдайда ағза АПВ инфекциясын емдеуді қажет етпей-ақ өздігінен күреседі. Алайда, кейбір адамдарда вирус қатерлі ісіктің дамуына әкелуі мүмкін. Вакциналау мен скринингті қамтитын алдын алу бағдарламалары жатыр мойны обырының алдын алуға өз тиімділігін көрсетті. Ресми зерттеулер де АПВ екпесінің экономикалық тиімділігін растады. Бұл вакцина жатыр мойны обырына әкелетін аурудың жолын түбегейлі кесуі және одан болатын өлім-жітімді 70–97%-ға төмендетуі мүмкін.

ЖАҢА ИННОВАЦИЯ

ЖҮРЕК ҚАҒЫСЫН ЭЛЕКТРОД БАҚЫЛАЙДЫ

Алматылық кардиохирургтер бірегей ота жасады

Алматы қалалық Кардиология орталығында жүрек-қан тамыр жүйесін диагностикалау және емдеу үшін инновациялық бірегей ота жасалды. Нақтырақ айтсақ, алматылық хирургтер алғаш рет жүректің Гис будасының сол аяғына электродтар орнатты. Бұл тың әдіс стандартты емдеу тиімділігі төмен болған жағдайда жүрек жұмысын жақсартуға бағытталған. Шеберлік дәрісін танымал польшалық кардиохирург Яцек Гайек өткізді.

– Бұл әдіс әсіресе, брадикардия, кардиомиопатия және жүрек жеткіліксіздігімен ауырған қарт науқастарға тиімді. Орнатылған электрод арқылы жүректің қағысы да реттеледі. Біз мұндай операцияны 2014 жылдан бері жасап келеміз. Науқастардың 78%-ы осындай ем алып жатыр. Мен өткізген шеберлік сабағы қазақстандық дәрігерлер үшін пайдалы болды деп ойлаймын, – деді бір күнде бес науқасқа бірегей операция жасаған Яцек Гайек.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Электрод орнатылып, операция аяқталғаннан кейін пациент тексеруден өтеді және оған кіріктірілген қосымшасы бар арнайы смартфон беріледі. Ол құрылғы күні бойы науқастың денсаулығы туралы ақпарат жинайды және өңделген мәліметті дәрігерге жөнелтеді.

Иә, дәрігерлер жүрекке орнатылған электрод арқылы енді науқастың қай жерде екендігіне қарамастан одан алыста отырып-ақ денсаулығын бақылай алады. Ал жүрек қағысы әдеттегіден жаңылған жағдайда дереу дәрігерге хабарлама жіберіледі. Бұл өз кезегінде дер шақта шұғыл қадамдар жасауға жол ашады.

– Бұл әдіс өткізу қабілеті бұзылған пациенттер үшін өте тиімді. Имплантация процедурасы атриалды фибрилляция сияқты кейбір асқынудардың даму қаупін азайтады. Жүрегіңде ақауы бар науқастар арасында жас пациенттер де аз емес бүгінде. Қалай десек те бұл тың әдіс отадан кейін келесі күні-ақ үйге оралуға мүмкіндік береді. Ең бастысы – смартфон құрылғыны арқашан өзіңізбен бірге алып жүру, – дейді бірегей отаға қатысқан қалалық Кардиология орталығының аритмологы Жалолхон Тұрсынханов.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА

ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

Озық тәжірибеге ден қойсақ

Әлемде жылдам өзгеріп, жаңарып отыратын сала – білім жүйесі деп саналады. Иә, бұл әбден дұрыс. Өйткені, жаңашылдық, реформа барлығы білім арқылы дамиды. Сондықтан білім жүйесі жыл сайын емес, кейде ай сайын да өзгеріп жатады. Қазіргі таңда бүкіл әлем жапон тәжірибесіне қызығушылық танытып, озық тәжірибесін мойындап отыр. Тіпті, өркениетті мемлекеттердің өздері жапондықтарға қызығушылық танытып, өзара ықпалдасуға дайын. Сонда, жапондықтар несімен ерекше болды екен?

Рая
ЕСКЕНДІР

(Дереккөз: class-tour.com)

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ

ТІЛ – ТІРЕГІМІЗ, СОҒЫП ТҰРҒАН ЖҮРЕГІМІЗ!

Ұрпақ тәрбиесін бабалар өсиетімен ұштастыра білгенде ғана нәтижелі болары анық. Әрбір отбасы, балабақша мен мектеп өз алдына шағын мемлекет десек, осы қатарда жұмыла еңбек етіп жатқан біздің №68 бөбекжай-балабақшасы да бар. Біз ұрпақ тәрбиешісі болғандықтан, әркез келешекке үмітпен қараймыз.

Қазіргі қоғамда біз үшін ана тілінің ақап тұрғаны ең өзекті мәселеге айналып отырса, бұл біздің де жанымызға батады. Сондықтан балабақша қызметкерлері әрбір ата-анаман ана тілінде сөйлесіп, ұғынысуға тырысады. Қазіргі таңда балабақшадағы оқу-қызметтерін де тек ана тілінде жүргізіп отырмыз. Өйткені, баланың есінде ең ұзақ сақталатыны таңғажайып ертегілер, жұмбақ-жанылт-паштар мен ойнақы өлеңдер ғой.

Отбасында ана бөбегін бесік жырымен әлдилесе, ұрпақ ұлттық тәрбиеден нәр алып өседі. Оның бойында ұлттық намыс алпыс екі тамырымен бойлап, жігерлі болып өседі. Сондықтан мен әркез ана тілінің тағдыры сіз бен біздің қолдарымызда екенін құлағдар етіп отырамын. Ана тілімізді біз қолдамасақ, оның ертеңі тағдыры қандай болмақшы. Ұлы Абайдың, Алаш зиялыларының да аманаты осы емес пе? Өзін, өз ұлтын сүйген халық ең алдымен ана тілінде сөйлеп, оны мақтан тұтса керек.

Біз қашанда алдымыз жарқын, бағытымыз айқын болса екен дейміз.

Тәрбие – ең алдымен отбасыдан басталады. Баланың бойына ең асыл қасиет адамгершілік құндылығын сіңіру, осы қасиет арқылы адамның құндылығын бағалау тәрбиенің өзекті кілті. «Келешек ұрпағымызды патриотизм рухында тәрбиелеу» атты тәрбие сағатын өткізіп, сауалнама жүргіздім.

Сонда байқағаным, бүлдіршіндердің бойынан патриотизм өз халқына деген сүйіспеншілік, бірлік пен тұтастық, туған жеріне, тіліне, өскен ортасына, тарихы мен салт-дәстүріне деген үлкен жауапкершілік бар екенін аңғардым.

Бұған қоса, балабақша әдіскері Нұрғүл Сағынтайқызы «Қадірлі ана тілінің қасиетін бағалап, деңгейін тік ұста» атты семинар өткізіп, балақайлардың бойына Отанға деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастырды. «Тұлпар» тобының тәрбиешісі Жадыра Аймухаметқызы «Ардақты ана тілім» атты тематикалық оқу іс-әрекетін, «Күншуақ» тобының тәрбиешісі Ораз Бахайбаева «Отан сүйгіштік – бой қуаты!» атты танымдық оқу-қызметін өткізді.

Бағдат БЕКЖАНОВА,
Бостандық ауданы
№68 бөбекжай-балабақша
менгерушісі.

маңызды сабақ деп есептеледі. Жалпы, Жапонияда мемлекеттік тіл зор маңызға ие. Сонымен қатар, жапонның ана тілі, яғни Кокуго – баланың ана тіліне сүйіспеншілігін оятумен қатар, ежелгі жапон тілінің ерекшелігін санасына бекітетін оқу жүйесіндегі басты ілім деп саналады. Ал жапондар ағылшын тілін орта мектепте оқытады. Дегенмен, баланың өз тілін, ұлттық жазу, оқу тілін классикалық деңгейде біліп шығуы бәрінен маңызды деп саналады.

Жапон мектептерінде барлық пән тек мемлекеттік тілде оқытылады. Бастауыш мектептегі ең көп сағат саны да осы мемлекеттік тілге, яғни кокуго пәніне бөлініп отыр. Бастауыш мектепте оқушыларды кітап оқуға баулу үшін түрлі шаралар өткізеді. Сонымен қатар, жапон оқушылары аптасына кем дегенде бір рет мектеп кітапханасына барып, кітап оқуға міндетті. Сондай-ақ, оқушылар аптасына бір мәрте сыныптағы он минуттық кітап оқу шарасына түгел қатысады.

Жапондық білім жүйесінде Білім министрлігінің ұсынысы бойынша әр мектеп оқулық таңдау мен білім беру бағытына өзі жауапты. Әр мектеп оқушылардың қалауына қарай, мектеп формасын өздері таңдайды. Ал орта мектепте мемлекеттік тіл, информатика, Жапония тарихы, дүниежүзі тарихы, денешынықтыру, музыка, ағылшын тілі, жаратылыстану пәндері оқытылады. Сонымен қатар, қалған үш жылдық жоғары мектепте оқушылар көне және қазіргі жапон тілі, Жапония тарихы, география, дүние жүзі тарихы сияқты гуманитарлық пәндер, әлеуметтану, этика, саясаттану, экономика тәрізді қоғамдық ғылымдар, өнер, дене шынықтыру, ағылшын тілі, информатика бойынша білім алады. Жоғары сынып оқушыларына белгілі бір кәсіп бойынша курстарды таңдауына ерік берілген. Жапон мектептеріндегі сабақ әрқилы. Мәселен, бастауыш мектепте әрбір сабақ 45 минутқа созылып, күніне төрт сабақтан оқыса, орта мектептегі сабақ 50 минутқа созылады. Сабақ арасындағы үзіліс 5–10 минут, сосын түскі ас ішуге арналған бір сағат бар. Жапон мектептерінде жоғары мектепте оқушылар сабақтан кейін түрлі үйірмелерге қатысатындықтан, бар уақыты мектепте өтеді.

Дегенмен, жапон мектептерінде мектеп формасына қатысты ортақ талап бар. Мектеп оқушылары мектепке бірдей сөмке ұстауға міндетті. Жапон мектептерінде тәртіпке қатаң қарайды. Мәселен, қыз баланың сабаққа бетін, тырнағын, шашын бояп келуі, шашын жайып жүруі, денесіне тату таңбасын бейнелеуіне, қысқа көйлек киюіне, шашын бұйраулап жүруіне тыйым салынған. Мектеп оқушылары ақ, қара, кою көк түстен басқа түсті шұлық киуге тыйым салынған. Жапон білім жүйесінде қыз бала мен ұл баланың оша кездесіп, мектептен бастап махаббат болуы қоғам үшін жат нәрсе. Оқушы білім алу жолында ештеңеге алаң болмауы керек.

Жапон білім жүйесінің тағы бір ерекшелігі – баланы еңбекке баулуға да ерекше назар аударылады. Жалпы, жапондық оқушылар осыз да әлемдегі бос уақыты жоқ балалардың қатарында. Жапон мектептерінде оқу жылы үш семестрден тұрса, бірінші семестр сәуір айынан шілдеге дейін, екіншісі қыркүйекке дейін, үшіншісі семестр қаңтар мен наурыз аралығын құрайды. Қарап отырсаңыз, жапон балалары демалыс дегенді білмейді. Бұл елдің білімге деген құрметі соншалықты, оқушылар демалыс кезінде де үйірмелерге барады. Сонымен қатар, жазғы демалыс кезінде балалар мектеп үйірмелеріне барып, жыл бойы алған білімдерін іс жүзінде шындайды. Қысқасы, жапон балалары каникул уақытын да емтиханға дайындалумен өткізеді. Басқа елдің балалары демалысын қыдыруға арнаса, жапон баласы кітап оқып, өзін қызықтыратын саланы зерттеп, ізденушілікпен шұғылданады. Мектептен тыс уақытта жапон оқушылары әртүрлі пән бойынша өз білімдерін жетілдіретін джоку атты курстарға қатысады. Жапон мектебінің жоғары сынып оқушылары сабақтан соң түгел джокуге барып, кешке дейін оқиды.

Жапон мектептеріндегі емтихандар орта мектепте басталып, жылына екі-үш рет тапсырады. Жалпы, емтихан тапсыру кез келген жапондық оқушысы үшін қиын әрі маңызды іс саналады. Жапон оқушысының сынақ тапсыруға үлкен жауапкершілікпен қарауының бір ұшы – жоғары оқу орнына мектеп емтиханы мен университеттің қабылдау емтиханын тапсыру арқылы түсуі жатса керек. Бұндай сынақтан мектепті 12 жыл бойы өте жақсы оқыған шәкірттер де босатылмайды. Оқушылардың білімі балмен бағаланады.

Жапон елінде оқушының емтихан тапсыруы маңызды шара болып есептеледі. Бүкіл елде емтихан басталардан бір апта бұрын үйірмелер жұмысын тоқтатады. Бұл, әрине, түсінікті жағдай. Оқушылар алаңдамай, емтиханға дайындалуы қажет. Бұл елде оқушылар емтиханды жазбаша тапсырады. Орта мектептен соң бала элиталы жоғары мектепте оқығысы келсе, емтиханды лайықты деңгейде тапсыруы тиіс. Балалар орта мектептен соң кәсіби училищелерде білім алуларына да болады. Дегенмен, Жапонияда училище мен техникалық колледжерге оқуға тапсыру да оңай емес. Жапонияда кәсіби жұмысшылар жоғары бағаланады. Сондықтан ондай оқуға түсу үшін сынақ та үлкен. Бұл елдегі ірі кәсіпорындарда жұмыс істеу үшін алдымен техникалық колледжерде білім алу керек.

Жапон мектебінің өзгеше ұқсасмайтғын тағы бір ерекшелігі – сыныптағы оқушылар құрамы мен мұғалімдер жыл сайын ауысып отыратын көрінеді. Өздері «Бұл баланың үйреншікті ортада тұйықталып қалмай, жана жағдайға бейімделуі үшін керек» деседі.

Сонымен қатар, Жапониядағы мектептер балалардың жаяу қатынауына ыңғайлы болуы үшін үйлерге жақын салынған. Елдегі Токио сынды ірі қалаларда «Балалар жүреді» деген таңбасы бар көлік өтпейтін жолдарды көруге болады. Жапон балалары осындай қауіпсіз жол арқылы мектепке жаяу қатынайды. Оқу жылы басталысымен ата-ана мектепке баласы жүретін жолдың картасын сызып өткізуге міндетті.

Әр ауланың балалары мектепке топтасып қатынайды. Ата-аналар комитеті балалардың жол қауіпсіздігін қадағалап, арнайы кезекшілік ұйымдастырып отырады. Бұған қоса, аудандағы зейнеткер тұрғындар да арнайы киім киіп, балалардың мектепке барып-келуін қосымша бақылауға көмектеседі. Жапонияда балалар мектепке ешқашан желгіз қатынамайды. Оқуға арнайы көлікпен баратын балалар да үнемі үлкендердің бақылауында болады. Мектепте балалар мінетін қоғамдық көлік пен аялдамалар туралы толық мәлімет бар. Олар оқушы мектепке барып-келетін дәл уақыты белгілеп отырады.

Жапонияда балалардың қауіпсіздігі қашаннан басты орнда. Олар жолдан өткенде бастарында ашық сары түсті телпек, қолдарында арнайы жалауша ұстап өтеді. Мұғалімдер мен ата-аналар балаларға күн сайын жол қауіпсіздігі ережелерін сақтауды ескерткіп отырады. Бұл елде полиция қызметкерлері оқушыларға арнап акциялар ұйымдастырып, жол айрықтарында кезекшілікте тұрады.

Жапон мектебінде біздегідей асхана жоқ. Оқушыларға берілетін тамақ арнайы бөлмеде әзірленіп, шағын қоршауға салынып, әрбір сыныпқа жеткізіледі. Ас ішерде оқушылар партаны жақсылап сүртіп, үйінен әкелген шүберек төсейді. Бастарына арнайы телпек, алдына алжапқыш байлайды. Жапондық оқушылар барлығы бірдей белгілі бір уақытта тамақтанады. Оқушылардың ас-суын медицина қызметкерлері ұдайы тексеріп, сапасын бақылап отырады. Жапон білім жүйесінде мектептің, сыныптың, ауланың, тіпті дәретхананың тазалығына оқушылардың өзі жауапты. Сабақ аяқталған соң кезектесіп сыныпты, дәлізді, дәретхананы жуып, тазалайды. Бұл оларды еңбекке, тазалыққа баудың бір жолы. Ата-аналар да еш қарсылық білдірмейді. Өйткені, өздері де осы жолдан өткен.



31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН–СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

БАТПАҚҚАРА КӨТЕРІЛІСІ: ТАРИХ ПЕН ТАҒДЫР

Үш қасіреттің ақиқатын ашпай, төл тарихымыз ақтандақтардан арылмайды. Ал жартыкеш ақиқатпен әділетті де жаңа Қазақстанды қалыптастыру мүмкін емес.

Менің түсінігімше, 1929–1931 жылдары Қазақстанда орын алған халық көтерілістерін әлі күнге дейін саяси, ғылыми, теориялық тұрғыдан дұрыс бағаламай жүрміз. Жинақтай айтар болсақ, олар мәнді белгілері бойынша, біріншіден, нағыз Азамат соғысы. Ресми билік пен мемлекет құраушы ұлттың арасында аса күрделі қайшылық орнығып, оларды қарулы күреспен тезге салуға тура келді. Екіншіден, қолына қару алған халық жер, билік, саясат мәселелерін ұлттық мүдде тұрғысынан шешуді талап етті. Отар елдегі ұлт-азаттық қозғалысы дегеніміз – осы.

Көтерілістер республиканың барлық аймақтарын қамтыды. Оны басуға идеологиялық ресурстармен қатар кеңестік күштік құрылымдар, тіпті қарулы күштер тартылды, әскери операциялар жүзеге асырылды. Қозғалыстың барысын Кремль көсемдері жіті қадағалап отырды. Ұзақ мерзімді болжамдарын құрды. Екі жақтан да от қаруы қолданылғандықтан адам шығыны орын алды. Жеңген жақ жеңілгендерге қарсы жаппай қуғын-сүргін ұйымдастырды.

Сол тұста жазалау шаралары кеңінен қолданылса, тыныштық орнаған соң тарих тағылымын егжей-тегжейлі талдаудың орнына өктемдікпен, тыйым салумен ақиқатты айтқызады. Аласапыран жылдарғы құжаттар күні бүгінге дейін толық құпиясыздандырылмай жатыр. Тоталитарлық жүйенің әділетсіздігіне қарулы қарсылық көрсеткендер тағдыры тіпті тәуелсіздік тұсында ақтандақтардан арылмады.

1993 жылғы Н.Назарбаевтың қуғын-сүргінге арналған Жарлығында қолына қару алып, кеңес өкіметіне қарсы шыққандар ақтауға жатпайтыны қадап көрсетілді. Екінші Президентіміз Қ.Тоқаев тарихи ақиқатты қалпына келтіруге қадам жасады, жазықсыз жазаланғандар толық ақталсын деді. Бүгінгі форумымыз сол қадамның заңды жалғасы.

Сонымен, Батпаққара көтерілісі қашан басталды, қалай өрбіді, немен аяқталды?

Бұған дейін құпия сақталып келген архив құжаттарының дерегі бойынша көтеріліс 1929 жылғы 2 қарашада басталған. Оның негізінде тікелей өндірушіні адам қысқығынан, меншіктен айыру, нақтырақ айтсақ, әр жылдарғы национализация, кәмпеске, зорлықпен ауыл шаруашылығын ұжымдастыру, пікір алуандығын жою, дінге қысым, қызыл террорға жол беру жатыр. Тоталитарлық өктемдікке әрі қарай тезірек мүмкін болмағандықтан, 20–30 жылдар межесінде халық наразылығы сыртқа шықты.

«Сары-боз» атауымен құрылған көтерілісшілер әскери Батпаққара ауданының орталығы Батпаққара ауылын басып алып, жергілікті билік басшыларын тұтқындады, түрмеде отырған байларды босатты, кооперацияны талқандап, мемлекеттік мекеме ғимараттарындағы қағаздарды жойды. Іле-шала жиналыс өткізіп, ауылдық кеңес орнына ауылдық ақсақалдар үштігін қояды. Хан сайлау мәселесі қаралды. Тұрақты әскер құру қажеттілігі айтылады. Идеологиялық жұмысқа үлкен мән беріліпті. Орталықта және Қазақстанның астанасында Кеңес билігі құлатылды, басшылары қашып кетті, көздері жойылғандары бар, біршамасы жаңа мемлекетті мойындады, осының бәрі империалистік мемлекеттердің көмегімен, мәселен, Қытайдың араласуымен жүзеге асты деген қауесет тарайды. Ұстанған саяси-экономикалық ұрандары:

- Кеңес өкіметі кетсін!
- Коммунистер кетсін!
- Хандық жасасын!
- Кәмпескеленген мүлік байларға қайтарылсын.

Көтеріліс ұзаққа созылмады. Тағдыр-анықтағыш белсенді фазасы 2-3 күнді ғана қамтыды. Оған 500-ге жуық адам қатысты. Басым бөлігі большевиктер айтқандай байлар мен қанаушылар емес, кедейлер мен батырақтар еді. 9 қараша күні Батпаққара ауылында

XX ғасырда тоталитарлық эксперименттерден қазақ халқының қызыл қаны мен қара тері судай ақты. Әкелген қасіреті бойынша оны XVIII ғасырдағы «Ақтабан шұбырындымен» қатар қоюға болады. Жұлдызды сәттері де болғаны рас. Орындалған арманының шыңы – мемлекеттік тәуелсіздікке қол жеткізгені. «Ақтабан шұбырынды» дегенде біз XX ғасырдағы үш қасіретті еске алғанымыз жөн. Біріншісі – миллиондаған қазақтың басын жалмаған ашаршылық пен соғыс, екіншісі – ұлттық болмысымызды жайпап өткен қуғын-сүргін, үшіншісі – мемлекетіміздің, этникалық дамуымыздың негізі жердің, әл-ауқатымыздың бастауы минералды байлығымыздың талан-таражға түскені.



кеңестік билік қайта орнады. Есесіне, кеңестік жаппай жазалау мен қуғын-сүргін бірнеше жылға созылды. Оқиғаның ізі суымай жатып Қылмыстық кодексте 128 және 129-баптарына сәйкес 122 адамға қылмыстық іс ашылды. Олар Батпаққара, Торғай, Наурызым ауданының тұрғындары еді. Біренсараны Мендіқара, Қарсақпай ауданынан болып шықты.

Шешім Қазақстан ОГПУ-нің жедел өкілі Сагитов дегеннің даярлаған құжаты негізінде 1929 жылы 30 қарашада қабылданыпты. Арада 10 күн өткенде, яғни 1929 жылғы 10 желтоқсанда тағы сол Сагитов даярлаған құжатқа сүйенумен 73 адам Батпаққара, Наурызым, Торғай көтерілістерінің басшылары және қатысушылары деген айыппен тұтқынға алынды. Бұлардың арасында Аманқарағай, Атбасар аудандарының, Қостанай қаласының азаматтары кездеседі.

Алғашқы тізімдегі 122 адамның бәрі қазақ ұлтынан болса, екінші тізімдегі 73 адамның біреуі орыс (Александр Нестерович Соловьев, 43 жасар, Семиозерный поселкінен), төртеуі татар ұлтынан екен (Фаттахов Ахияр, 28 жас, Қостанай қаласынан, С.Хисанов, 31 жас, Қостанай қаласынан, Бикмухамбетов Абдулла, 40 жас, Қостанай қаласынан, Габбасов Ахмет Хан Закир, 40 жас, Қостанай қаласынан).

Тізімде әйел баласының аты-жөні кездеспейді. Басым бөлігі 20–40 жас арасындағылар, 20 жасқа толмағандар мен 60-тан асқандар саусақпен санарлықтай ғана.

1929 жылғы Батпаққара көтерілісінде үкімет қызметкерлері тарапынан адам шығыны болған жоқ. Соған қарамастан, көтерілісшілерге қарсы қуғын-сүргін, жазалау, тұтқындау шұғыл қолға алынды, ұзақ жүрді, асқан қатыгездікпен жүзеге асты. 15 қараша күні Қостанайға Батпаққара көтерілісін соттан тыс қарау үшін Үштік құруға пәрмен берілді. Онда былай делінген: «Решение Тройки согласуйте с бюро окружкома. О приговоренных к расстрелу телеграфируйте, сообщите с указанием фамилий, имени и отчества, также с кратким персональным изложением о сути обвинения ОГПУ Ягоде и мне для утверждения, без которого исполнение не производить. Создание Тройки и ее решение не афишировать, без санкции не публиковать. Тройка в своей работе соблюдает строго классовый подход, учет национальный обстановки, отношение байских элементов к проходящему делу восстания».

Желтоқсан айында қолға түскен көтерілісшілерді ату туралы Үштіктің үкімі қабылдана бастады. Ахуалды асындыруға Өлкелік партия комитеті бюросының 1930 жылғы 2 қаңтарда өткен жабық отырысы түрткі болды. Онда Мәскеуден келген өкіл Гричманов былай депті: «...Для нас несомненно только одно: что классовая природа всех этих событий ясна, что все эти выступления и вспышки являются сопротивлением байских и ишанских элементов, эксплуататорских элементов против той политики, которую мы ведем за последние годы. В этом основное». Голощекин алдағы уақытта көтеріліс атаулыны тез басу үшін Қызылжарда, Ақтөбеде, Шымкентте әскери бөлімдер ашуды Орталық Комитеттен сұрайтынын айтты.

1930 жылғы қаңтардың 12-сіне қараған түнде Молдаахмет Бажанов, Мәмбет Маутжанов, Мұқан Нұрмұхамбетов, Қыстаубай Аманбаев атылды. 27 қаңтарда Сәбит Қадырбеков, Қанапия Абетдильдин, Хамит Ысағұлов, Ахат Наурызбеков, Фазыл Наурызбеков опат болды. 21 сәуірде Хамза Жұзбаев пен Хажден Мурзин жендет оғына ілінді. 24 сәуірде Нұғман Қазов, Мұхаметқазы Чугаев, Шөптібай Баймұратов атылды. 19 мамырда көтерілісші Молдағали Көбеновтің, Александр Савельевтің, Серажентдин Мурзиннің, Байахмет Байдосовтың, Бәкір Қазымбаевтың өмір жолы үзілді.

Толық емес мәлімет бойынша, 1930 жылдың мамыр айына дейін Батпаққара ісі бойынша 200-ге жуық адам жауапқа тартылған екен. 1930 жылдың 15 желтоқсанында Батпаққара ауданының №5, 6, 8–12 ауылдарының 52 азаматына айыптау қорытындысы шығарылды. 1931 жылғы 6 қаңтарда олардың 7-еуі – Занге Төлепбаев, Асан Байжанов,

Бірімжан Сариков, Мұқыш Нұрмағанбетов, Сыздық Сатанов, Сүлкей Сейдахметов, Сейтім Тұяқов атылды.

«Шаш ал десе, бас алған» тоталитарлық билік жаптым жала, жақтым күйе ұстанымынан қылаудай ауытқымай, Батпаққара көтерілісіне мүлде қатысы жоқ жандарды қуғын-сүргінге салды. Көтерілісті дайындаушы, алашордашы деген сылтаумен 27 мамырда Үштіктің шешіміне сәйкес Құрманқұл Сұлтанов, Жартыбай Беспаев, Дәулетқали Тәнікенов, Байқадам Қаралдин, Мырза Сатыбалдин, Мадиярхан Алтыбаев атылып кете барды.

Ақиқатына келгенде, Мырза Сатыбалдин, Файзулла Сатыбалдин, Мұқан Байғожин, Байқадам Қаралдин көтеріліске дейін, 1929 жылдың басында тұтқындалған болатын. 5 жылға сотталған Габбасов Ахмет Ханның бар кінәсі Мурзин деген азаматқа үйінде пәтер жалдап тұруға рұқсат берген екен. Шөптібай Баймұратов та көтеріліс күндерінде басқа бір іске байланысты қамауда отырыпты. Жеке басқа табынуды сынаған тұста жүргізілген тексеру барысында Нұрман Қазовтың көтеріліске қатысы жоғы анықталды.

Басқа да заңсыздықтар жетіп жатыр. Оның ызғары көтерілісшілерге ғана емес, ұрпақтарына ауыр тиді. Кеңестер Одағы ыдырағанша бұларға сенімсіздікпен қарады, жауапты қызметтерге жіберілмеді, жеңілдіктер берілмеді. Батпаққара көтерілісі халқымыздың санасы мен жүрегіңдегі Сырым, Исатай мен Махамбет, Кенесары мен Амангелді рухы өлмегенін паш етті. Орталықтың отарлық пиғылын әшкерелеп, социалистік идеяға сенімді шатқаяқтатты. Екінші Азамат соғысын бастап берген бұл сілкініс еліміз деген ерлердің жаңа толқынын тарих сахнасына шығарды. Мемлекеттік тәуелсіздіксіз қазақ халқының болашағы бұлыңғыр екенін дәйектеді.

Қасіретті тарих қайталанбауы үшін алдағы уақытта мынадай іс-шараларды атқару керек:

- 1. Жаппай қуғын-сүргін мен ашаршылық тарихына өркениетті мемлекеттердегідей кешенді саяси-құқықтық база мен анықтама берілсін. Мұның құжаттық негізі қаланған: ҚР Президентінің бастамасымен қуғын-сүргін бойынша құжаттар жинағының 72-томы, ҚР Парламентінің қолдауымен ашаршылық жайлы 10 том жарық көрді. Бұл іске әр облыс өз үлесін қосы.**
- 2. Тоталитаризмнің қылмысын әшкерелейтін архив құжаттары кеңес жылдарында қалай болса солай сақталып келгендіктен бүгінгі халі апаттық жағдайда. Тез арада реставрациялануы әрі сандық форматқа көшірілуі керек. Айырылып қалу қарсаңында тұрмыз.**
- 3. Үш мегаполис пен облыс орталықтарында сталинизм жылдарындағы НКВД ғимараттары қуғын-сүргін музейлеріне айналдырылсын. Олар тарихпен тәрбиелеудің ошағына айналатын уақыт келді.**
- 4. Соңғы 2-3 жылда Қазақстанда 300 мыңнан астам адам ақталды деген мәлімет БАҚ бетінде орын алды. Осыларға арналған «Азаль кітап» жариялансын.**

Қуғын-сүргін құрбандарының алдындағы қарызымыз әлі атқарылған жоқ. «Өлі риза болмай тірі байымайды» деген бабалар сөзі қаперімізден шықпасын.

**Ханкелді ӘБЖАНОВ,
ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымының докторы, профессор.**



1975 жылғы күз. Қытайдың Шыңжаң өлкелік балуандар командасына Алтай, Тарбағатай, Іле, Қашқар, Қотан, Ақсу, Торпан сынды жеті аймақтан балуан талдап алу жарысы Үрімжі қаласындағы дене тәрбие сарайында өтіп жатыр еді. Үстіне өңі түскен қара шапан киген еңгезердей қара торы жас жігіт жарыс басқарушыларының алдына кимелей келіп, өзін жарысқа қатынастыруды қайта-қайта айтып талап қойды. Оның кесек керемет тұлғасына қарап, қайта-қайта қиыла өгініш еткенін ескеріп, меселін қайтарғысы келмеген судьялар алқасы ақылдаса келіп, оның талабын бірден мақұлдады.

Табаны қызған жүйріктей арысты көріп, күш-қуаты қаулай түскен жас жігіт үстіндегі көнетоз шапанын тастай беріп, балуандарға арналған презент шапанды киіп, күрес майданына кірді. Талай рет майдан көріп, әбден күрес ережелері мен әдіс амалдарын толық меңгеріп ысылып алған сақа балуан жігіттер «Ә» дегенде бірден ұстата қоймады.

Күрес әдісін білмесе де, қара күшіне сенген жас жігіт, қолына іліккен балуанды кейде еңкейте тартып, шөке түсірсе, кейде асықтай үйіріп әкеліп, асау жамбасқа алып бір-бірден балаз үстіне жауырынын жерге тигізіп, допша домалатып, баудай түсіріп жатты. Оның алып күші мен алымды қимылын көрген судьялар да, көрермен қауым да дән разы болды. Бірақ ол жас жігіттің кім екенін, қайдан келгенін білетіндер дәл осы сәтте тым аз еді.

Осы жолғы жарыста біріншілікті алып, алтын медальмен сыйланған бұл жігіттің аты-жөні – Солтікен Көкішұлы, Алтай аймақтың азаматы екенін жұртшылық жарыс соңындағы марапаттау салтында бір-ақ білді.

КӨЗГЕ ТҮСУ

Солтікен Көкішұлы 1953 жылы Алтай аймағы, Алтай ауданы, Ұтыбұлақ жайлауында, Көкіш шаңырағында дүниеге келді. Ол оқу жасына тола сол өзі өскен қазақ ауыл мектебінде оқыды. Оқуға деген ынта-ықыласы жоғары болғандықтан сыныптастарынан арқан бойы алда озып оқып жүрді. Бастауыш мектептің 3-сыныбына көшіп, хат танып, қара сауатын ашқаннан бастап өлең-өнерге беріліп өлендер жазып, ұстаздары мен сабақтастарының көзіне түсіп, жыл сайын «Озат оқушы», «Үлгілі оқушы» деген марапаттарға ие болып отырды.

Қазақ халқының өлең-жыр, қисса-дастандарын, әңгіме-ертегілерін, батырлар жырын жаттап өсті. Бала кезінен-ақ ұлтжанды азамат болып өсуге, келешекте керемет азамат болып ержетуге талпынды. Айналасындағы сабақтастарын да өзіне баурап алып, оқыған кітаптарын әңгімелеп беріп, жазған тамаша өлендерімен сусындағып жүрді. Оны бірге оқыған сабақтастары «Ақын Солтікен» деп атап та кетті. Ауыл балалары ойнауға шыққанда Солтікен келмесе, ойнамай тарап кетіп жүрді. Өйткені, Солтікеннің балалар арасындағы орны тіптен бөлек еді. Онсыз бас қосудың еш мәні жоқтай сезілетін. Ал Солтікенмен бірге ойнап жүрсе, бірге қыдырса онда өте көп тағылымды әңгімелер, тамаша өлең-жырлар айтылып, балалардың көңілі көк аспандай бір көтеріліп қалатын.

Амал қанша, Солтікен 5-сыныпты бітіріп, орта мектептің табалдырығын аттау алдында тұрғанда «Бес салалы бұзық элементтің ұрпағы» деген әкесі Көкішке жабылған жаламен мектеп есігінен қақпайланды. Таланты тасқындап өнер мен білімге енді ғана ентелеп келе жатқан жас бала қоғамның солақай соқыр саясатының кесірінен шарасыз оқудан қол үзіп қалды.

Иә, әлі де болса, бұғанасы қаға қоймаған жас бала «басқа түссе баспақшыл» деп, амалсыз қоғамдық еңбектің алдыңғы шебіндегі атпал азаматтармен бірге еңбек етіп, бір-екі жылда-ақ белді еңбекшілердің бірі болып шыға келді.



АРЫС САҢЛАҒЫ

(Очерк)

АРЫСТЫҢ АРЫСТАНЫ

1978 жылы Қытай мемлекетінің он өлкесінен ең үздік балуандар жарысы Шыңжаң өлкесінің орталық қаласы Үрімжідегі ең үлкен спорт сарайында өтті. Кезек енді ғана арыс алаңын жағалап жүрген Солтікенге келгенде, қарсы жағы 15 жыл бойы арыс алаңының шаңын қаққан, күрес өнеріне әбден жетілген, Қилоңжаң өлкесінің аға, ақсақал балуаны Жаң фамилиялы түйедей дәу қытай болып шыға келді. Талайды әдіс амалымен алдап соғып жер қаптырып үйреніп алған, балуандықтың бар құпия-сырын еркін меңгеріп алған, әлгі дәу қытай алдына келіп тұрған қазақтың жас жігітін көзіне іле қойған жоқ. Ол өз ойында, өзіне қарсы келіп тұрған мына қазақтың қара жігітін алғашқы тетінде-ақ алып жібермекші болып, іштей шалып, екі бұрап алып ұрып жауырынын жерге тигізбекші болған еңбегі еш кетті.

Оны орнынан жылжыту былай тұрсын, қатты қайырымға келгенде өзі теңселіп қалды. Бір-екі рет сілкілескеннен кейін Солтікен де қарсы жақтың әдіс-амалын аңғарып ала қойды. Атақты балуанмен алғаш алысқандағы атша тулаған жүрегі орнына түсіп, күш-қайраты қаулап бойына жиыла берді. Ол ендігі бір кезекте қарсы жағындағы дәу балуанды үйіріп әкеліп, қырпулы қимылға келтірмей, көз ілестірмей еңкейте тартып, асау жамбасқа алды да, түйедей қытайды мандан балазына доңк еткізіп екі жауырынын жерге тигізіп тастай салды. Шалқалап жатқан төбедей қытай балуаны орнынан тұра алмай біраз жатып қалды. Майдандағы көрермендердің көңілденіп соққан шапалақ дауысы үлкен залда бейне найзағай жарқылдап жатқандай көрініске ие болды. Күрес майданында жүрген судьялар да Солтікеннің қатесіз қимылына дән разы болысты.

Осы жолғы үлкен мемлекеттік жарыста он өлкеден келген ығай мен сығай балуандарды қырқай жығып, өрелі жарыста өрелі нәтижемен омырауына алтын медаль қадады. Көкенай, Серік, Тұрсынғали қатарлы әйгілі аға жүлдегер балуандар жаңадан тебіндеп өсіп келе жатқан жас күшті көріп, жандары сүйсіне қолдады. Жарыс соңында Шыңжаң өлкелік дене тәрбие комитеті қажетті орындардың бекітуінен өткізіп, Солтікенді Шыңжаң балуандар командасына қабылдады.

ДҮНИЕ «ДӘУЛЕРІМЕН» АЙҚАСУ

1980 жылы мамыр айында, Иран мемлекетінде халықаралық «Тәкти жарысы» өткізілетін болды. Иран мемлекетінен шыққан атақты әлемдік дәрежедегі балуанды еске алып өткізетін халықаралық өте жоғары деңгейдегі әлемдік балуандар жарысына алды 20 жыл, ортасы 15 жыл, соңы 10 жыл әртүрлі балуандық сайыс өткелінен өткен кіл «Дүние мықтылары» келіп қатынасты. Бұл реткі ұлы жарысқа Қытай мемлекеті атынан Солтікен, Қали балуанды ішіне алған 8 адамдық балуандар командасы Иранға келіп жарысқа қатынасты.

Иә, керемет. Тіпті, жағап. Үш жылдан азақ астам ғана балуандық өнер тәрбиесін көрген Солтікен халықаралық балуандар сайысында бес рет жүлде алып, әлем еліне «Жолбарыс» атанған Куба балуанымен

бірінші майданда бетпе-бет келді. Тіс қақты айлагер кәрі пілдей дәу балуан өзіне қанық қарпымды қимылдарын іске қосып, арыс алаңын енді ғана жағалап жүрген жас балуанды бүріп жібермекші болып, Солтікеннің жағасынан алып сілкіп көрді, беліндегі белбеуінен ұстап тартты, шапшаң қозғалатын аяғымен шалып байқады. Екі иығынан тең ұстап екі жаққа теңселте сілкіп те бақты. Кәрі қақсал балуан Солтікенді жығу үшін не істемеді дейсің. Құрыштай құйылған жас жігітті орнынан қозғалту былай тұрсын, әрі-бері жағаласып көріп, шамасы келмейтініне көзі жетіп шайлығып, өзі сең соққандай майданда теңселіп қалды.

Мына кубалық жолбарыстың лактырған тасының түсетін жерін шамалаған Солтікен бір-екі сілкілесіп көргеннен кейін, шалдығып жүрегі шайлығып қалған

көтеріп, көз қуанышына айналды. Өлем ақпараттары да «Қазақ балуаны», «Арыс арыстаны» деп жарыса жазып жатты.

Жә, өз халқым, төрт жұртым, алты алашым, қара орман қазақ елім осының алдында ғана, яғни 1979 жылы қазан айында Солтікен Көкішұлы Үндістан мемлекетінде өткізілген халықаралық балуандар жүлде таласу жарысына Қытай мемлекеті балуандар командасынан барып қатынасып, айналмалы күресте жиырма сегіз балуанды түгел жеңіп, ұлы жеңіспен ел қоржынына қомақты олжа салып оралған да болатын.

Солтікен Көкішұлы – ұлт азаматы үлгісі, кейінгі кездері өзінің туған аймағы Алтай аймақтық дене тәрбие комитетіне келіп, жас балуандарды тәрбиелеп сақа тәлімгерге айналды. Ол тәрбиелеп жетілдірген шәкірттер арасынан, мемлекет және халықаралық балуандар жарысында он алты алтын медаль алды. Сол медальдардың жарық нұрынан Солтікен Көкішұлының да алтын тер тамшыларын көруге болады.

Солтікен қара күштің иесі, балуан ғана емес. Ол әжептәуір танылған ақын еді. Өлеңді жазып та топ ортада, дүйім жұрт арасында да қолма-қол өлең құрап та елді таңғалдырса, жұлма қара сөздің де хас шеберіне айналғанына қасында жүрген кәсіптес құрдастары куә. Оның соңғы жылдары жазған өлеңдері Қытай Халық Республикасында шығатын қазақ тіліндегі «Алтай» газеті, «Іле» газеті, «Шыңжаң» газеті, «Алтай» аясы, «Іле айдыны», «Шұғыла» журналы сынды газет-журналдарда үздіксіз жарияланып тұрды. Одан сырт Қазақстанның әртүрлі басылымдарынан да кезек-кезегімен жарық көрді. 2002 жылы Қазақстан Республикасы мемлекеттік баспасынан Солтікен Көкішұлының «Ақ семсер» атты тұңғыш жыр жинағы жарық көріп, оқырман қауымның шынайы алқауына бөленді. Қытайда «Көк сүңгі», «Жасыл жебе», «Айбалта», «Қара шоқпар», «Бес қару» атты кітаптары баспадан шығып, оқырмандардың жақсы бағасын алды.

Соқек, Солтікен Көкішұлының шешендік қара сөзге құрылған қанатты қағытпа қара сөздер жинағы да Қытай қазактары жағынан реттеліп баспаға дайындалып жатыр. Ол – қазір Шыңжаң жазушылар қоғамы, Алтай аймақтық, Алтай қалалық жазушылар қоғамының мүшесі. «Қытай мемлекеттік үздік спортшы», «Дене тәрбие саңлағы».

Иә, тұмақ – сүннет, өлмек – парыз. Жұмыр басты пенденің өмірінің соңы өліммен ақырласады. Ол – бұлтартпас шындық. Көк асты, жер бетіндегі аз өмір, қысқа ғұмырды қалай өткізу әр пенденің сана-сапасына байланысты. Тән қалауы – ішсем, жесем, кисем, жүрсем, тойсам, басқадан жоғары тұрсам, бай, бақытты болсам деп тіленеді.

Ал жан қалауы – үйренсем, білсем, ғылым қусам, өнерлі болсам, қара орман халқыма пайда жеткізсем, иманды, ибалы арлы адам болып өтсем деп тілейді екен. Адам деген пенде екі дүние ортасында жүріп, тән мен жанның қалауының қайсысын көп атқара алса, соның құлы болып өтеді. Дүниеден өткен соң да артында қалған ұрпақтары соған орай бағасын береді. Бақиға барған соң да діни риуаят бойынша оң дәптер мен сол дәптерге жазылған екі тілектің таразысына түсіп, не жұмақтан, не тамуқтан орын табады екен.

Иә, біздің алып азаматымыз Солтікен Көкішұлын сирек оралатын тымса ғасыр өз қойнынан қазақ халқының маңдайына бақ жұлдыз етіп тудырды. Солтікен Көкішұлы өзінің күллі өмірін, күш-қуатын, ерік-жігерін, ақыл-парасатын, өр рухын, қайырымдылығы мен мейірімін, арлы азаматтығын, балуандық өнері мен ақындық және жазушылық өнерін тұтастай сарқып, тамшысын қалдырмай қасиетті халқына арнап аттанды. Ол жан қалауын толық орындады. Тән қалауына өмірінің соңына дейін дес бермеді. 2024 ұлу жылы сәуірдің 25 жұлдызы, сағат 11-де, өзінің туған өлкесі Алтай қаласында, өзінің құтты шаңырағында бақиға, Алланың алдына ақ өліммен аттанып кетті. Артын ар нұрымен жап-жарық қып кетті...

Марқұмның жаны жәннатта, топырағы торқа болсын. Артында қалған ұрпақтары аман болсын. Халқына мәңгілік қалдырып кеткен толағай еңбектері ғасырлар бойы тағылымын емізіп, тәрбие уызынан сарқылмасын!

Болат БОПАЙҰЛЫ.





«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 6 айға – 3216,72 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 6 айға – 4416,72 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 6 айға – 2016,72 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz** сайты арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Алматы ақшамы» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

2024 жылғы 28 мамыр №2/225-545

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, Алматы қаласы әкімінің 2018 жылғы 10 желтоқсандағы №33 отырысының 7.3-тармағы, Бостандық аудандық сотының 2020 жылғы 7 қыркүйектегі жеке ұйғарымының, «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 24 тамыздағы №34.3-34/534-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жол жүруді ұйымдастыру үшін Труш Александр Валерьевичтің Алматы қаласы, Бостандық ауданы, «Ерменсай» шағынауданы, Арайлы көшесі, 22-үй мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-313-055-055), ауданы 0,0563 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін хабардар етсін және меншік иесіне жер учаскесі өтемақысын төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ.

2024 жылғы 29 мамыр №2/225-581

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 11 сәуірдегі №34.1-34/587-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Райымбек батыр» (Алматы-2) көлік торабы құрылысы үшін Тұрдақын Ерік Кәтебайұлының, Тасқынбаева Шынар Қуанышбековнаның Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Панфилов көшесі, 7 А үй мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-314-033-254), жалпы ауданы 0,0238 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамада белгіленген тәртіпте меншік иелерін хабардар етсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің 2023 жылдың 20 қарашасында Дана Болатқызы РАХМЕТОВАҒА №002271 берілген қызметтік куәлікті жарамсыз деп саналсын.

Алматы қаласы әкімі аппаратының ішкі аудит қызметінің және Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментімен 2023 жылдың 12 айында аудит материалдарының сапасын бақылаумен қамтылған қызметінің қорытындылары бойынша

Алматы қаласы әкімі аппаратының ішкі аудит қызметінің бақылау іс-шараларының тізбесіне сәйкес 2023 жылы 13 бақылау іс-шарасын өткізу көзделген.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 19 наурыздағы №392 бұйрығымен бекітілген «Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларының» 91-тармағына (бұдан әрі – №392 қағидалар) сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің (бұдан әрі – Комитет) аумақтық бөлімшелері облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ведомстволық бағынысты аумақтық органдарының ішкі аудит қызметтерінің стандарттарды және Қағидаларды сақтауын бақылауды жүзеге асырады.

Сапа бақылауымен барлығы 9 материал немесе 2023 жылы ішкі аудит қызметінің өткізген барлық аудиторлық іс-шаралардың 69%-ы қамтылды.

Жүргізілген сапаны бақылау нәтижелері бойынша аудиттің 8 материалы ескертулерді ескере отырып, тиісті стандарттар мен ережелерге, ал 1 материал стандарттар мен ережелерге сәйкес емес деп танылды.

Мемлекеттік аудит объектілерінің бюджеттік бағдарламаларында көзделген нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізуге, қаражатты оңтайлы және тиімді пайдалануға, ең жақсы тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу қажеттілігі негізінде бюджетті әзірлеуге және атқаруға бағытталған, бюджет қаражатының бекітілген көлемін пайдалану немесе бюджет қаражатының неғұрлым аз көлемін пайдалана отырып, тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу, сондай-ақ мемлекет активтері мен квазимемлекеттік сектордың активтерін пайдалануда Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтамауы бюджетті әзірлеу мен атқару кезінде аудитпен белгіленген негізгі бұзушылықтар болып табылады.

Аудит объектілерінің тиімділігін арттыру және қызметін жетілдіру мақсатында Алматы қаласы әкімі аппаратының басшысына бұзушылықтарды болдырмау үшін алдын алу шараларын қабылдау, мемлекеттің бюджет қаражаты мен активтерін пайдаланудың ашықтығын, тиімділігін, жауапкершілігін арттыру үшін ішкі бақылау жүйесін ұйымдастырудың тиімді жүйесін қамтамасыз ету жөнінде ұсынымдар жіберілді.

Алматы қаласы әкімі аппаратының ішкі аудит қызметі «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 10-тармақшасына сәйкес Комитетке 2023 жылғы ішкі аудит қызметі туралы жыл сайынғы есепті, сондай-ақ жүргізілген мемлекеттік аудит және қабылданған шаралар бойынша ақпаратты жіберді.

Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың м.а. –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 862 30 08 телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сөйсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 10 260 дана (жұма)

Кезекші редактор –
Досбол АТАЖАН

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

ТАЗА ҚАЛА

АЛМАТЫДА ЭКО-ХАБ АШЫЛДЫ

Экологиялық мәдениетті тәрбиелеуге жасалған тағы бір қадам



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматыда сәуір айының соңында техникалық режимде іске қосылған алғашқы эко-хабтың ресми ашылуы өтті. Жаңа орталық Марков көшесі, 44 мекенжайында орналасқан.



Досбол
АТАЖАН

Эко-хабтың негізгі мақсаты – экологиялық жауапкершілік мәдениетін дамыту, қалдықтарды бөлек жинау мен қайта өңдеуді насихаттау, қоршаған ортаға ұқыпты қарау құндылықтарын сіңіру.

1 МАУСЫМ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

Баланың қауіпсіздігі – басты назарда!

Рая
ЕСКЕНДІР

(Басы 1-бетте)

Жыл сайын шомылу маусымы 1 маусымнан басталады. Қазір қалада шомылу маусымына дайындық қалай жүргізіліп жатыр? Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаменті азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы Әнуар Юсупов кеңінен мәлімдеп, жүйелі жұмыстармен таныстырды.

Алматы қаласында және тау бөктеріндегі аудандарда 44 су айдыны болса, олардың қатарында бірнеше өзендер, көлдер, каналдар, тоғандар бар. Әсіресе, олардың 9-ы шомылу маусымы кезінде ерекше қауіпті саналады.

1. «Шаңырақ» және «Дархан» шағын ықшамаудандарындағы Үлкен Алматы өзені – Алатау ауданы;
2. «Дархан» ықшамауданындағы Үлкен Алматы өзені – Алатау ауданы;
3. Үлкен Алматы өзені (Өл-Фараби-Науаи) – Бостандық ауданы;
4. «Кемел» ықшамауданындағы Первомайские пруды – Жетісу ауданы;
5. Кіші Алматы өзені (Бутаковқаға бұрылатын жерде) – Медеу ауданы;
6. Юннатское көлі – Медеу ауданы;
7. Ақсай өзені – Наурызбай ауданы;
8. «Әуежай» көлі – Түркісіб ауданы;

9. Қарасу өзенінің саласы (Шестуха) – Түркісіб ауданы. Сондай-ақ, халық суда жаппай демалатын 4 орын анықталды:

– Сайран көлінің батыс және шығыс бөлігі;

– Д.Қонаев атындағы УАК бойындағы «Гүлдер» демалыс аймағы мен «Баум тоғайы» жағажайы.

Қазір қала тұрғындарының жиі серуендейтін «Сайран» көліне іргелес аумақты абаттандыру жұмысы жүргізіліп жатыр. Бұл жұмысты аяқтау 2025 жылдың мамыр айына жоспарланып отыр. Сондай-ақ, Д.Қонаев атындағы Үлкен Алматы каналын гидротехникалық күрделі жөндеуге байланысты ағымдағы жылы су толтырылмайды.

Жақында жазғы демалыс кезінде балалардың қауіпсіздігін арттыру мақсатында Білім басқармасы қала мектептерінде «Қауіпсіз су» атты акциясын өткізді. Мектеп оқушылары арасында эссе, сурет, қабырға газеттерінің конкурстары, «Қауіпсіз су» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Қазір де бұл жұмыс жалғасын тауып, судағы жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында ТЖ департаменті құрамында полиция қызметкерлері, РЖҚЖ құтқарушылары, сондай-ақ еріктілері бар рейдтік іс-шараларды өткізіп жатыр.

Сонымен қатар, ТЖ департаменті БАҚ арқылы үгіт-насихат жұмыстарын да жан-жақты жүргізуде. Бұған қоса, барлық білім беру, денсаулық сақтау объектілерінде, адамдар көп жиналатын орындарда (СОО, СУ, ХҚКО, вокзалдар, метрополитен, кинотеатрлар), сондай-ақ қала көшелері бойында орналасқан смартбордтар мен LED-экрандарда

бейнероликтер көрсетіп, ата-аналардың назарын аударып отыр.

Баланың қауіпсіздігі үшін қолға алынып жатқан тағы бір іс-шара – шомылу маусымы аяқталғанға дейін күніне екі рет мемлекеттік және орыс тілдерінде «АспанФМ», «Еуропа Плюс Қазақстан» және «Народное радио» радиоарналарында «Судағы қауіпсіздік ережелері» тақырыбында аудиожазбалар таратылады, «Almaty tv» арнасында күн сайын «Судағы қауіпсіздік ережелері» туралы бейнеролик көрсетіледі.

Алайда, қазіргі жүргізіліп жатқан профилактикалық іс-шараларға қарамастан, «Дархан» ықшамауданындағы Үлкен Алматы өзенінде оқыс оқиғаның орын алғаны өкінішті-ақ.

Осындай жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін қарапайым ережелерді сақтау қажет:

- балаларды судың жанында қараусыз қалдырмау;
 - тек жабдықталған жағажайларда және ресми рұқсаты мен құтқару қызметі бар шомылуға арналған жерлерде шомылу;
 - жүзе алмайтын болсаңыз, белден жоғары келетін суға түспеу;
 - шомылу кезінде бір-бірін көзден таса қылмау;
 - қалқымалар мен қоршау белгілерінен, жағадан алыс жүзбеу;
 - қайықтардан, көпірлерден және айлақтардан суға секірмеу;
 - түнде шомылмау.
- Алматы ТЖД қала тұрғындары мен қонақтарына су айдындарында қауіпсіздік ережелерін сақтауды, сондай-ақ тыйым салынған жерлерде шомылмауды ескертеді.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

АЛМАТЫДА ҚАНДАЙ ІС-ШАРАЛАР ӨТЕДІ?

Алматыда Халықаралық балаларды қорғау күнін тойлауға арналған іс-шаралар 30 мамырдан басталды. Қалалық кітапханаларда балалар салған сурет байқаулары мен кітап көрмелері өз жұмысын бастады.

31 мамырда, сағат 11.00-де Мемлекеттік қуыршақ театрында «Етік киген мысық» спектаклі көрсетіледі. Жас көрермендер «Үйшік» қойылымын 14.30-да қазақ тілінде, ал 16.00-де орыс тілінде тамашалай алады;

1 маусым күні – Балаларды қорғау күніне арналған мерекелік бағдарламалар қаланың барлық аудандарында өтеді:

– Мереке **Орталық мәдениет және демалыс саябағында** сағат 11.00-де басталады. Бұл күні қазақстандық эстрада жұлдыздары, сондай-ақ балалар вокалдық және би ұжымдары өнер көрсетеді;

– **Д.А.Қонаев атындағы музей-үйінде** сағат 11.00-де және 15.00-де «Менің музейім» атты экскурсия, квест-ойын өтеді;

– **Н.Тілендиев мемориалдық музейінде** сағат 12.00-де «Балалық шаққа саяхат» атты ашық сабақ өтеді.

– **Алатау ауданында** сағат 11.00-де «Нұркент», 5/11 «Мультимедиялық дәстүрлі музыкалық орталығында» балаларға арналған экскурсия ұйымдастырылады.

– **Әуезов ауданында** сағат 11.00-де Family Park демалыс саябағында мерекелік концерт, сондай-ақ спорттық ойындар мен шығармашылық өнер ұжымдарының қатысуымен іс-шара өтеді.

– **Алматы ауданында** сағат 11.00-ден 16.00-ге дейін Махатма Ганди саябағында Халықаралық байқаулар мен фестивальдар лауреаттарының және ауданның шығармашылық ұйымдарының, ансамбльдердің қатысуымен концерттік бағдарлама ұйымдастырылады.

– **Жетісу ауданында** сағат 10.00-де Гүлдер саябағында Damu Bala бағдарламасының қатысушыларымен мерекелік концерт, сондай-ақ көрме, түрлі шеберлік дәрістері мен шахматтан турнир өтеді.

– **Медеу ауданында** сағат 13.00-де Орталық мәдениет және демалыс саябағында, сондай-ақ «Алатау» ықшамауданында сағат 11.00-де ауданның шығармашылық ұжымдарының қатысуымен мерекелік концерт өтеді.

– **Наурызбай ауданында** сағат 18.00-де «Шұғыла», 347 мекенжайындағы амфитеатр аумағында концерттік бағдарлама, колөнер жәрменкесі және суреттер көрмесі ұйымдастырылады.

– **Түркісіб ауданында** сағат 10.00-де С.Сейфуллин атындағы саябақта өнер ұжымдары мен ансамбльдердің қатысуымен концерттік бағдарлама өтеді. Сондай-ақ, балаларға арналған түрлі квесттер, шығармашылық шеберлік дәрістері мен спорттық ойындар ұйымдастырылады.

Мерекелеріңіз құтты болсын, кішкентай тұрғындар!

Дайындаған РЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.